

Халық кешпейтін бір-ақ нәрсе бар: елдің қолына зарықтырып келіп қонған бақыт құсынан – Тәуелсіздіктен айырылуды кешпейді.

Елбасы Нұрсұлтан
НАЗАРБАЕВ

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

3

#QAZAQSTAN30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...»

4

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 6 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
756 041

II компонентпен
585 155

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

24

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖҮЙЕЛІ ДИАЛОГ

ортақ мәселелерді шешудің тиімді тетігі

Ақорданың Баспасөз қызметі хабарлаған-дай, Қазақстан Президенті Орталық Азия елдері басшыларының Консультативтік кездесуіне қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия мемлекеттері тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында өтіп жатқан кездесудің ерекше екенін қадап айтты. Осы уақыт аралығында мемлекеттеріміз қалыптасып, әлеуметтік-экономикалық дамуда айтарлықтай табыстарға қол жеткізді және мәдени-рухани мұрамызды жаңғыртты.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ
аймақ елдерінің бірлесіп әрекет етуін
талап етеді

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылынан бастап, біз иық тіресе, бір-біріміздің табыстарымызға қуанып, қиын кезеңдерде өзара қолдау көрсетіп келеміз. Солай болуы – заңдылық. Бізді ғасырлар бойы қалыптасқан тарихымыз, рухани жақындығымыз, ортақ салт-дәстүрлеріміз байланыстырып келеді. Мемлекеттер басшыларының Консультативтік кездесу форматы аймақтың ынтымақтастығына серпін береді. Нұр-Сұлтан мен Ташкентте өткен саммитердің нәтижесінде байланыстарымыз тұрақты, дәстүрлі, ең бастысы, өзіндік сипаты қалыптасты. Аймақтағы ынтымақтастықты арттырудың негізі – жоғары деңгейдегі сенімді диалог, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.
(Жалғасы 2-бетте).



ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев метро мен магистральды жолдар және басқа да құрылыс нысандарының сапасы мен қарқынын тексерді



Жұмыс сапары кезінде шаһар басшысы Наурызбай ауданындағы екі метро станциясының, инженерлік желілердің, Абай даңғылы мен Алатау көшесін үңгілеудің құрылыс қарқынын тексерді.

Салынып жатқан метро станцияларын аралау кезінде қала әкіміне құрал-жабдықтарды жеткізу, құрылыс және әрлеу жұмыстарының жағдайы туралы айтылды. «Сарыарқа» мен «Достық» станцияларының дайындығы қазір 80%-дан асады. Б.Сағынтаев метро құрылысын белгіленген мерзімде

аяқтауға бақылауды күшейтуді және қосымша жұмыс күшін жұмылдыру қажеттігіне назар аударды.

Метроның басқа нысаны – «Қалқаман» станциясында монтажды-щитті қазу жұмыстары дайын және үшінші іске қосу кешені туннеліндегі жұмыстар қарқынды жүруде. Қала әкімі Яссауи көшесінен Наурызбай даңғылының әкімшілік орталығына дейін ұзаратын Абай даңғылындағы жол жамылғыларын төсеуді жылдамдатуы тапсырды.

(Жалғасы 2-бетте).

ҚЫСҚА...

- Елімізде құрылыс материалдарын сату мен сатып алуға арналған онлайн жүйе іске қосылады.
- Шаһар басшысы өте тапшы медициналық мамандықтарға 120 грант бөлді.
- Қалада өкпе, тыныс жолдары жүйесінің аурушандығына байланысты оңалтудан өтетін балалар саны артқан.
- Алматыда бұрын мүлде жарық болмаған көшелерге 20 мыңға жуық шам орнатылды.
- Мегалополиске сүт, сүзбе, сиыр еті, күнбағыс майы және басқа да өнімдер облыстан делдалсыз тікелей жеткізілетін болды.
- Бүгін-ертең қалада сауда орталықтары таңғы сағат 10.00-ден түнгі 22.00-ге дейін ашық, Базарлар таңғы сағат 10.00-ден кешкі 17.00-ге дейін жұмыс істейді. Асханалар тәулік бойы ашық.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ЖҮЙЕЛІ ДИАЛОГ

ортақ мәселелерді шешудің тиімді тетігі

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы жүйелі диалог және үйлесімді іс-әрекеттер – ортақ мәселелерді шешудің тиімді әрі баламасыз тетігі екенін атап өтті.

Президенттің айтуынша, әлем елдері күрделі кезеңді бастан өткеріп жатыр. Жаңа кезеңде Орталық Азияда тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін аймақ елдері бірлесіп әрекет етуі тиіс. Ол үшін елдер арасындағы тауар айналымын арттыру, оның құрылымын жақсарту және жеткізілетін тауар түрлерін кеңейту бойынша жұмысты жандандыру қажет. Қазақстан Орталық Азия елдеріне экспорттық тасымалды 1 миллиард АҚШ долларына дейін ұлғайта алады. Қазақстан Президенті Орталық Азияның көлік дәліздеріне интеграцияланған тауар өткізудің бірыңғай желісін құруда күш жұмылдыруды ұсынды. Бұл көтерме-бөлу және агрологистикалық орталықтардан тұратын жаңа инфрақұрылым тауарларын Еуразия экономикалық одағының, ТМД және үшінші мемлекеттердің нарығына шығаруға мүмкіндік туғызбақ. Маусымаралық кезеңде өз нарығымызды да ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз етуге жол ашады.

ДАМУДЫҢ БАЛАМАСЫЗ ЖОЛЫ

ұлттық экономикаларды инновациялық-цифрлық платформаға ауыстыру

Мемлекет басшысы табысты серіктестіктің үлгісі ретінде Қазақстан мен Өзбекстанның ортақ шекарасында құрылған «Орталық Азия» халықаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық орталығын атап өтті. Ол әріптестерін аймақтық экономиканың стратегиялық маңызды салаларына инвестиция тарту үшін күш-жігерді біріктіруге шақырды.

Президент маңыз бергендей, ұлттық экономикаларды инновациялық-цифрлық платформаға ауыстыру – дамудың баламасыз жолы. «Қазақстан – Түркіменстан – Иран» теміржолы үлкен мүмкіндіктерге жеткізетін жоба. Парсы шығанағы мемлекеттеріне шы-

ғудың қысқа жолы осы. Жыл сайын аймақтағы жүк тасымалы артып келе жатқандықтан Трансаялық теміржол магистралінің оңтүстік дәлізін дамыту қажеттігі туындап отыр. Мысалы, «Дарбаза–Мақтаарал» теміржол желісін іске қосу жүк тасымалы мерзімін 1,5 есе қысқартады. Оңтүстік Азия нарықтарына жол ашатын «Мазари-Шариф – Кабул – Пешавар» теміржолы құрылысының жобасының келешегі зор. Қазақстан және Түркіменстан аймақтары қуатының әлеуеті үлкен. Өзбекстанмен арадағы жаңа жобалар белсенді түрде пысықталып жатыр. («Түркістан – Шымкент – Ташкент» жоғары жылдамдықтағы теміржол құрылысы жобасының құны шамамен 70 миллион АҚШ доллары). Бұдан бұрын «Бейнеу–Ақжігіт» автожолының құрылысы аяқталған болатын. Аталған бағыт арқылы өзбек ағайындарға Құрық және Ақтау аймақтарына шығатын қысқа жол ашылды. «Түркіменбашы – Гарабоғаз – Қазақстанның шекарасы» автомагистралінің әлеуеті Түркіменстанмен арадағы жолаушы және жүк тасымалын арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы, Дүниежүзілік банктің бағалауынша, Орталық Азиядағы көлік коммуникацияларын дамыту барлық елдердің ішкі жалпы өнімін 15 пайызға арттыруға жағдай жасайды.

АЙМАҚТЫҢ БИО ЖӘНЕ ЭКОЖҮЙЕСІН САҚТАУ –

Орталық Азиядағы негізі мәселенің бірі

Мемлекет басшысы айтқандай, су ресурстарымен қамтамасыз ету мен аймақтың био және экожүйесін сақтау – Орталық Азиядағы негізі мәселенің бірі.

– Біз қазірдің өзінде климаттың жаһандық жылынуы салдарын судың азаюы мен құрғақшылық арқылы көріп отырмыз. Бұл, әсіресе, Сырдария бассейнінде ерекше сезіліп отыр. Кейінгі екі жылдағы вегетациялық кезеңде Шардара су қоймасына жиналатын су көлемі 40 пайызға, Кіші Арал теңізіне келетін су мөлшері 60 пайызға азайып кетті. Траншекаралық өзендер ресурстарын тиімді

басқару мен алдыңғы қатардағы технологиялық шешімдерді енгізу үшін біріккен су саясатын енгізу маңызды. Біздің өзара іс-қимылымыз тараптардың мүддесін ескерген және өзара міндеттерді толықтай орындайтын, тең дәрежеде қолдану принципі негізінде жүзеге асуы тиіс. Су Орталық Азия елдерінің арасын ашудың басы емес, керісінше біріктіретін ресурс болуы қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы коронавирус пандемиясының сынағы кезіндегі халықтарымыздың бірлігі мен бір-біріне деген көмегі жайлы да тілге тиек етті.

Осы салада ғылыми ынтымақтастықты күшейту маңызды. Жақында қазақ вакцинасы Қырғызстанға жіберілді. Ресейлік «Спутник V» вакцинасын өндіру де жолға қойылды.

Көңіл бөлуді қажет ететін тағы бір сала – студенттер алмасуды кеңейту, олардың жақсы білім алуға ұмтылысын жан-жақты қолдау. Орталық Азия азаматтарының Қазақстандағы алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуына квота көбейтуді маңызды деп есептейтінін жеткізді Қасым-Жомарт Тоқаев.

– Біздің басты мақсатымыз – Орталық Азияны тұрақты, экономикалық жағынан дамыған, өркендеген өңірге айналдыру. Достық, тату көрші әрі өзара сенім негізінде барша қиындықтарды еңсеріп, алға қойған игі мақсатымызға қол жеткізе алатынымызға сенемін, – деп сөзін қорытындылады Мемлекет басшысы.

Консультативтік кеңесте сондай-ақ, Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов, Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, БҰҰ Бас хатшысының Орталық Азиядағы арнайы өкілі Наталья Герман сөз сөйледі.

Кездесу қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

Т.ДЕРЫСАЛИН.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев метро мен магистральды жолдар және басқа да құрылыс нысандарының сапасы мен қарқынын тексерді



ӘСЕЛ ДАҒЖАН

(Басы 1-бетте)

Алматының негізгі артерияларының бірі – Абай даңғылын үнгілеу жұмыстары 70%-ға орындалды. Б.Сағынтаев биыл жыл соңына дейін даңғылда көлік қозғалысын ашуды міндет етіп қойды. Жаңарған Абай даңғылы Райымбек даңғылымен түйісіп, Алатау көшесіне шығады. Қазір Алатау көшесінде асфальттың жоғарғы қабатын төсеу, тротуар мен велосипед жолдарына жарық жүйесін орнату, абаттандыру жұмыстары жүруде. Нысан шамамен 80%-ға дайын. Жұмысты толық аяқтау күзге жоспарланған.

Қала әкімі «Шұғыла» ықшамауданындағы «Алма сити» ТК-нің құрылыс барысын қарап шықты. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында мұнда 3788 пәтерлі 128 үй салынады. Оларды халықтың әлеуметтік осал топтары мен көпбалалы аналарға бөледі. Бұдан өзге, жұмыс істейтін жастарға жалға және несиеге берілетін баспана ұсынылады. Б.Сағынтаев құрылыс жүргізушінің

назарын салынып жатқан үйлердің сапалы әрі қасбеттерінің заманауи қала талаптарына сай болуына аударды.

Мегapolis әкіміне қаланың осы бөлігін дамытудың алдын ала жасалған жоспары да көрсетілді. Кешенді жоспар бойынша әрқайсысы 1200 орынды үш мектеп, сондай-ақ балабақша мен СОСО орналасатын нысандар салу да қарастырылған. Б.Сағынтаев тұрғындар бос уақыттарын өткізетін саябақ аумақтары мен скверлердің орындарын белгілеуді тапсырды.

Наурызбай ауданындағы Қонаев көшесі бойындағы Яссауи көшесінен Әшімов көшесіне дейінгі учаске реконструкциялануда. Осы учаске арқылы Жандосов көшесінен қалаға шығуға болады. Реконструкция тар көшені кеңейтеді әрі тротуары мен велосипед жолдары бар төрт жолақты жол салынбақшы. Көлік қозғалысы үшін оны күзде ашу жоспарлануда.

Одан кейін қала әкімі «Таусамалы», «Ақжар», «Құрамыстағы» инженерлік желілердің құрылысын, «Тастыбұлақ» ықшамауданындағы жолды қалпына келтіру жұмысын тағы бір рет қарап шықты. Соңғы ықшамаудан тұрғындары жұмыс сапасына қатысты айтқан өтініштеріне дер кезінде назар аударғаны

үшін алғыстарын білдірді. Қала әкімі жергілікті тұрғындарды белсенділік танытуға және мердігердің сапасыз жұмысына ескерту жасауға шақырды.

Бұдан өзге, шаһар басшысы Қарғалы өзені бойындағы су дайындау станциясының құрылыс барысын тексерді. Жобаның мердігері барлық қажетті құрал-жабдықтардың алынғанын, нысанды жыл соңына дейін пайдалануға беруді жоспарлағандарын баяндады.

Жалпы, «Ақжар», «Шұғыла», «Тастыбұлақ», «Таужолы», «Жайлау», «Қарғалы», «Құрамыс» ықшамаудандарында 122 шақырым су құбыры мен 85 шақырым кәріз желілері салынады. Жұмыс толық аяқталғаннан кейін, оның ішінде Қарғалы сузу станциясының құрылысы біткен соң, ауданның 70 мың тұрғыны таза ауызсумен қамтамасыз етіледі.

Қала әкімі «Бюджетке қатысу» жобасы аясында «Қалқаман» және «Құрамыс» ықшамаудандарының тұрғындары тандаған балалар ойын алаңдары, спорт және воркаут алаңдары салынатын жобалармен танысты. Сонымен қатар, «Ақжар» ықшамауданындағы Жандосов көшесі бойында салынып жатқан жаяу жүргіншілер аймағын да қарап шықты.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында қаланың туризм саласына **29,6 млрд. теңге** инвестицияланды.



Алматыда салынып жатқан метроның «Сарыарқа» мен «Достық» станцияларының құрылысы **80%** аяқталды.



Биыл қалада **270 шақырым** электр желісін қайта жаңғырту жоспарлануда.



Шаһардың магистральді көшелеріне **766** «Сергек» бекеті орнатылған.



Алматы мектептерінде **287 000-нан астам** оқушы білім алады.



КОВИД-19: ЖАҒДАЙ УШЫҒЫП ТҰР

Алматыда күн сайын шамамен
7000 адам КВИ-ге қарсы екпе алады



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Жандарбек Бекшин Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифингте шаһардағы эпидемиология байланысты соңғы мәліметтерімен бөлісті.

Спикердің айтуынша, мегаполисте коронавирустың «дельта» штамы келгелі вирустың таралуы күрт өсіп, қазір шарықтау шегіне жетіп қалған. Алматыда соңғы аптада күніне 1,6 мыңға жуық адам ковид жұқтыруда. 28 шілдеден бері аурудың тәуліктік өсімі 1,5 мың жағдайдан асқан.

Қаланың бас санитарлық дәрігері 8–20 маусым аралығында эпидемияның үшінші толқыны тұрақтағаннан кейін COVID-19-дың «британдық» нұсқасының пайда болғанын, ал 20 шілдеден кейін эпидемияның төртінші толқынының басталғанын атап өтті.

Шілде айында 25,5 мың жағдай тіркелді, ал жыл басынан бері 89 мың жағдайды құраған. Өткен аптада коронавирус індетінің тіркелу жағдайы 1,5 есе көбейді. Дегенмен, кешеден бері тәуліктік өсім 1,4%-

Алматының бас санитарлық дәрігері тұрғындар арасында коронавирус инфекциясын қай санаттағы тұрғындардың жиі жұқтыратынын да айтты. «Өткен 7 күнде, алдыңғы 7 күнмен салыстырғанда, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар арасында инфекция жұқтырғандардың үлес салмағы бұрынғыдай жоғары – 41%, түрлі ЖШС, ЖК, АҚ қызметкерлері – 18,4%, зейнеткерлер – 17,3%, сондай-ақ мектеп оқушылары арасында – 9,2% және мектепке дейінгі балалар – 6,0%. Халықтың аталған санаттары КВИ-мен ауыратындардың жалпы санының 92%-ын құрайды, оған профилактикалық іс-шаралар бағытталуы тиіс», – деді Ж.Бекшин.

Онлайн-брифингке қатысқан келесі спикер, яғни Қоғамдық Денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаев қаладағы жағдайдың ушығып тұрғанын мәлімдеді. Алматыда тәулігіне 1500-ден астам жағдай тіркелуде, ауруханаға түсетін науқастардың саны да көбейген.

Спикердің айтуынша, бүгінде үй карантинінде 10 888 науқас жатыр, олардың 1600-і 14 жасқа дейінгі балалар. Стационарларда 5156 адам ем алуда. Қазіргі кезде стационарлардың жүктемесі шамамен 67%-ды құрайды. Аса ауыр жайдағы науқастар саны – 190 адам, орта-



ға дейін төмендеген. Спикердің сөзінше, қазір аурудың шарықтау шегі жүріп жатыр, оның ең шарықтау кезеңі тамыздың 10,11 және 12-сі күндері болады деген болжам бар. Ал тамыздың аяғына қарай аурушандық төмендеуі керек.

Сонымен қатар, Жандарбек Бекшин ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін мегаполис тұрғындарының иммундық қабаты жеткіліксіз екенін атап өтті. 6 тамыздағы жағдай бойынша ол қаланың ресми тұрғындар санының 41,1%-ы. Нақтырақ айтсақ, қала тұрғындарын вакциналау көрсеткіші қазіргі уақытта күніне 7 мыңнан астам адамды құрайды.

Ж.Бекшин сондай-ақ, КВИ-дің 1 жасқа дейінгі балалар арасында өсіп жатқанын айтты. Өткен аптада 224 бала ауырған болса, осы аптада 238 бала тіркелген. 14 жасқа дейінгі балалар арасында аурудың төмендеуі байқалады – 878 бала (өткен аптада 1099 болған). Жалпы, КВИ көрсеткіші 20–39 жас аралығындағы жастарда басым – 38%, 40–59 жастағы азаматтарда – 25%, ал 60 жастан асқан адамдарда – 20%.

ша ауыр жағдайда – 1368 адам, реанимацияда жатқандар – 385 адам.

«Алматы стационарлары 3 эшелонға бөлінген. Біріншісінде 3950 төсек-орын, екіншісінде – 1995, үшіншісінде – 1100 төсек-орын бар. Егер қантар мен ақпан айларында орта есеппен 30–40 науқас ауруханаға жатқызылса, қазір 700 адам қабылдануда, бұл 23 есеге көп. Мұның барлығы салыстырмалы түрде жағдайдың ушығып тұрғанын көрсетеді, науқастар ауруханаға жаппай жатқызылуда. Бос орын жоқтың қасы», – деді Алматы ҚДБ басшысы.

Н.Табынбаевтың айтуынша, күн сайын жедел жәрдемді КВИ-мен ауыратын науқастардың шамамен 35%-ы шақырады. Ауруханалардағы «қарбалас уақыт» – сағат 12-ден 14-ке дейін және сағат 20-дан 22-ге дейінгі аралықта 130 пациент жеткізіледі.

Мегаполистің ҚДБ басшысы алматылықтарды қаладағы жаппай вакциналау науқанын қолдауға шақырды. Ол вакциналанған адамдардың КВИ жұқтыру ықтималдығы бірнеше есе аз болатынын және олар ауруды жеңілдететінін атап өтті.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Сәбит ДОСАНОВ,
жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты:



– Барша әлемге COVID-19 дендеп барады. Бұдан сақтаудың бірден-бір жолы – ұжымдық иммунитет қалыптастыру.

Мұны өмір дәлелдеген. Вакцина алған адамдар жаны қысылып ауырмайды. Қазір науқастанып жатқандардың 90–100 пайызы екпе алмағандар. Сондықтан вакцина алу керек.

Айтып отырғаным жалаң сөз емес. Өзім вакцинаның бірінші дозасын алдым, екіншісін жақында аламын. Себебі, жақындарыма, балаларыма зиянымды тигізіп алғым келмейді. Болашақ ұрпақтарымыздың алаңсыз күй кешкенін қаласақ, екпенің екі бірдей компонентін денемізге ектірейік.

Сонда ғана алаңсыз, бәз-баяғы өмірімізге ораларымыз анық.

Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ,
ақын:



– Екпе – вирусты ауыздықтайтын, адамзат баласын індеттен қорғайтын керемет бір күш. Өз басым сәуір айының басында КВИ-ді жұқтырып алып, 14 күндей үй жағдайында оқшыландым. Былтыр да осы індетті жұқтырып, біраз киналған едім. Сол кездерде екпенің адамзатқа пайдасын түсініп, балаларыма, туған-туыстарыма, бауырларыма екпе ектіру керектігін айттым. Қазір 22 жастағы балам да жастардың көшін бастап, вакцина салдырды. Әлем елдерін есенгіреткен вирус елдің әлауқатын, экономикасын құлдыратты. Былтырғы жылы халықтың біразға жуығы қаржылық жағынан қиындыққа ұшырады. Биыл да осы олқылықтар қайталанбасын десек, карантин талаптарын сақтайық.

Әзірлеген Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

Вакцина – қажеттілік!



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматы қаласындағы №8 емхананың бас дәрігері Фарида Ағыбаева COVID-19-ға қарсы екпенің не үшін қажет екенін түсіндірді.

Дәрігердің айтуынша, вакцинаны алғаннан кейін адам ағзасы оған бейімделіп, ағзадағы В және Т иммундық жасушалары өз жұмысын бастайды. «В-жасушалары антиденелерді белсенді түрде қалыптастырады, бірақ вакцинаның екінші дозасынсыз бұл иммуноглобулиндердің мөлшері бірнеше аптадан кейін күрт төмендейді. Т-лимфоциттер – иммундық жүйенің негізгі қаруы. Дәл осы Т-жасушалар ағзаға төнген қауіпті анықтап, қоздырғышты жояды. Т-жасушаларының негізгі мәселесі – вакцинацияның бірінші кезеңінен кейін иммундық жүйе Т-лимфоциттердің өте аз мөлшерін түзеді, ал ағза вирусты қабылдауға дайын емес күйінде қалады. Сондықтан иммундық реакцияның қалған бөлігін іске қосу үшін вакцинаның екінші дозасын алу қажет», – деді Ф.Ағыбаева.

Қазіргі кезде COVID-19 вакциналарына жүргізілген үлкен медициналық зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, екінші доза қорғаныс дәрежесін бірнеше есе арттырады. Израиль ғалымдары коронавирустық вакцинаның екі дозасын да қабылдаған пациенттерде екпенің бірінші дозасын алғандармен салыстырғанда иммунитет 6–12 есе жоғары деген қорытындыға келген.

Дәрігердің айтуынша, қазіргі кезде індет



негізінен вакцина салдырмаған жастар арасында таралуда. Вирус жұқтырғандардың 37%-ы 20–40 жас аралығындағы азаматтар. Кейінгі зерттеулер көрсеткендей, 1 жасқа дейінгі және созылмалы патологиясы бар балалар да жиі ауырып жатыр.

Коронавирустық пневмонияның орташа және ауыр түрімен ауырған пациенттерге кешенді оңалту міндетті түрде жүргізілуі тиіс. Психологиялық және респираторлық оңалту амбулаториялық жағдайда немесе мамандандырылған ауруханада жүргізіледі.

Иә, ковидтен емделіп шыққан адамдарға өмір салтын түзету, дұрыс тамақтану және темекіден бас тарту секілді ережелерді ұстанғаны жөн. «Егер дерт ауыр өтсе, жүйке, жүрек-қан тамырлары, бүйрек, бауыр функциялары бұзылуы мүмкін. Сондықтан әр науқастың ағзасына орай оңалту жеке таңдалады», – деді дәрігер.

Пациент құқығы аяқасты болмауы керек



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Консультативтік-диагностикалық көмекке жолдаманы дер кезінде алу үшін не істеу керек? Пациенттер өз құқығын қалай қорғай алады? Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалының өкілдері көпшілікті мазалайтын сұрақтарға жауап берді.

Филиал мамандарының айтуынша, медициналық мекемелерде диагностикалық қызмет көрсету жағынан өзекті мәселелер жоқ емес. Талап бойынша салалық мамандардың қабылдауы мен диагностикалық қызметтерге кезек күту мерзімі 10 күннен аспауы тиіс. Ал шұғыл жағдайларда медициналық қызмет сол күні, кешіктірilmей көрсетілуі шарт. Егер емхана кезек толуына байланысты аталған қызмет түрлеріне жазуды тоқтатқан жағдайда пациентке басқа клиникаға жолдама берілуі тиіс. Жолдама қосымша келісім-шарт негізінде беріледі.

«Қазір Алматы қаласы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен

182 медицина ұйымы жұмыс істейді. Олардың арасында кардиология және реабилитация орталықтары, диагностикалық зертханалар, т.б. бар. Егер науқасқа қажетті қызмет емханада көрсетілмейтін болса, басқа емдеу мекемесіне жолдама беріліп, қызметпен қамтамасыз етілуі тиіс. Пациент құқығы аяқасты болмауы тиіс», – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

Сондай-ақ, пациент қажетті медициналық қызметті көрсететін клиниканы да таңдай алады. Содан соң fms.kz сайтына кіріп, өзі таңдаған клиниканың аталған қормен жұмыс істейтін ұйымдар тізімінде бар-жоғын тексеруі тиіс. Егер клиника қордың жеткізушілер тізімінде болса, учаскелік дәрігерден сол жаққа жолдама беруді сұраса болады.

«Қор медициналық қызметтерді сатып алушы ретінде қызмет көрсететін клиникалар санын арттырып отыруға күш салады. Бұл медицина ұйымдарына түсетін жүктемелі белгілі бір мөлшерде азайтып, қызмет көрсету мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді», – деді Т.Әбілдаев.



QAZAQSTAN30

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗЫ...»**Айбек ШАЙМЕРДЕН,
кәсіпкер:**

– Осыдан тура 30 жыл бұрын елімізде азаттықтың таңы арайлап атқанда дүние есігін ашқандардың бірімін. Бұл сәйкестікті жақсылыққа балап, үнемі мақтан етіп жүремін. Тәуелсіздіктің құрдасы екенім ерекше жауапкершілік жүктейді. Ол алдымен – өз Отанының патриоты болудан, еліңе қалтқысыз қызмет етуден басталады. Қазіргі таңда «Айтбай» шаруа қожалығын ашып, 10 жылға жуық уақыт Ұлытау ауданының халқын қазақтың ұлттық өнімдерімен қамтамасыз етіп келемін. Ауыл адамдарын жұмыспен қамтып, ел экономикасын көтеруге атсалысқым келеді. Әрине, атқарылуға тиіс істерді бір адамның жүзеге асыра алмайтыны рас. Жастарды ауылды көркейтуге, бірге жұмылып, нақты істермен айналысуға шақырамын. Алға қойған жоспарымыз жетерлік. Қалғанын болашақта уақыт көрсетеді.

**Жәнібек СОЛТАНАЙ,
отбасылық дәрігер:**

– Бүгінге дейін өскелең ұрпақ сапалы білім алуға ұмтылды. Жүрек қалауындағы мамандықтарды тандап, сүйікті ісімен айналыса бастады. Мысалға, мен бала кезімнен дәрігер болуды армандадым. Кішкентай кезімде ауылымызда ақ халаттылар аз болды. Қазірдің өзінде де кейбір елді мекендерде дәрігерлердің тапшылығы сезіледі. Сондықтан да алдымызға келген әрбір науқасты емдеп, денсаулықтарын жақсылап күтуді ескертіп отырамын. Тәуелсіздігіміздің 30 жылында медицина саласы қарқынды дамыды. Жас ғалымдар қатерлі ауруларды емдейтін дәрі-дәрмектер ойлап тапты. Өнер табыстарын әлем елдеріне ұсынды, талайды таңдандырды. Халықтың басым көпшілігі медицинаға оң көзқараспен қарай бастады. Тіпті, талантты дәрігерлердің саны артты. Еркіндігіміз білім саласында өркендеуімізге, кең қанат жаюымызға тамаша мүмкіндік берді. Мен Тәуелсіз елде өмір сүріп жатқаным, азат елде дүниеге келгеніме қуанамын.

**Қасиет ТӨЛЕНДИЕВА,
оқытушы:**

– 30 жыл ішінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Тәуелсіздік қазақ халқын біріктірді, дінімізді, тілімізді түзеді. Қазақ тілін мақтан ететін жалынды жастарды қалыптастырды. Ана тілімізде ұн қататын кітаптар пайда болды. Әдебиет саласына елеулі үлес қосқан ақын-жазушылардың шығармаларын тығылып емес, көсіліп, еркін оқитын бақытты кезеңге тап болдық. Бүгінде 100-ден астам шәкірт тәрбиеледім. Барлығына дерлік әдеби кітаптар оқуға, білім көкжиектерін арттыруға ықпалымды тигіздім. Мектеп қабырғасында жүргенде ауыл кітапханасының құнды қазыналарының біразға жуығын оқып шықтым. Қолымыз босай қалса, тете өскен аға-әпкелеріммен кітап оқып жарысатын едім. Сол кезде әулеттің үлкендері білімге ұмтылуымызға қызықтыратын. Болашақта ғылым саласында еңбек ететінімізге сенім артатын. Шүкір, бүгінде ата-анамыздың тәрбиесінің арқасында кішігірім орталықта өзім қалаған мамандықта ұстаздық қызмет атқарамын. Тәуелсіз елде өмір сүріп, еркіндіктің дәмін сезініп жатқаным ризамын.

**Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.****Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ**

Қала әкімінің орынбасары Максат Қықымовтың Алматы облысына жұмыс сапары барысында ынтымақтастық туралы тиісті меморандумдарға қол қойылды.

Қалалық кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы баспасөз қызметінің ақпараты бойынша, Алматы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы, «Алматы» ӘКК» АҚ, «Жетісу» ӘКК «РИР» АҚ құрамындағы делегация Талдықорған қаласы мен Балқаш ауданының кәсіпорындары мен ірі шаруа қожалықтарына барды. **Келіссөздер барысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын белгіленген бағамен жеткізу туралы келісім жасалды.**

Айта кетерлігі, аталған шаралар Мемлекет басшысының әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру

жөніндегі тапсырмасын іске асыруға арналған. Кездесу барысында Алматы облысының тауар өндірушілеріне мемлекеттік қолдау тетіктері, атап айтқанда, өндірілетін өнімнің өзіндік құнын төмендетуге және халық үшін тауарлардың қолжетімділігін арттыруға тиіс айналым қаражатын толықтыруға арналған жеңілдікті несиелер ұсынылды.

– Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша мегаполистің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары белсенді түрде жалғасуда. Бұл – ерекше бақылауда тұрған стратегиялық маңызды мәселе. Маусым айында біз көкөніс, қант, сүт және сүт өнімдерін, құс етін, жұмыртқа, макарон өнімдерін тікелей жеткізу бойынша келісімдер жасастық.

Бүгін біз сиыр етін, май мен күрішті тікелей жеткізу туралы келісімге келдік. Қабылданған шаралардың арқасында шілде айының басынан бастап тұтыну бағалары

индексінің 0,7%-ға төмендеуі байқалды. Бұл республика бойынша Алматы қаласын 9 тармаққа, 10-нан 19-шы орынға төмендетуге мүмкіндік берді, – деді қала әкімінің орынбасары Максат Қықымов.

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік (ӘМАТ) өнімдерінің бағасын тұрақтандыру үшін Алматының 7 негізгі азық-түлік базарларында әлеуметтік дүкендер («Көк базар», «Жаңа Ақбұлақ» (көтерме сауда), «Сары-Арқа», «Тастак», «Тау-самалы», «Алматы-1», «Түркісіб жәрмеңкесі») жұмыс істейді, онда орташа нарықтық бағадан төмен бағамен 10 түрлі ӘМАТ (картоп, сәбіз, пияз, қырыққабат, қант, қарақұмық, құнбағыс майы, күріш, рожки, ұн) сатылады.

Алдағы маусымаралық кезеңге (2021 жылғы қыркүйектен 2022 жылғы сәуірге дейін) қала әкімдігі 22 мың тонна көкөністі шұғыл түрде сатып алу шартын жасады.



Газетіміздің өткен сандарының бірінде «Alataу Aqparat» медиахолдингі («Almaty aqshamy», «Вечерний Almaty» газеттері) ұжымының «Ағаштарды аялайық!» атты челленджді бастағаны туралы хабарлаған едік. Қала аумағындағы жасыл желектерге күтім жасау мақсатында ұйымдастырылған игі шара бүгінде жалғасын тауып, қолдаушылары көбейіп келеді.

«Alataу Aqparat» ЖШС «Ағаштарды аялайық!» челленджі аясында мекеме айналасындағы ағаштар мен быттыр Абай даңғылының бойына өздері отырғызған жасыл желекті суғарған болатын. Сондай-ақ, осы челленджді Қазақстан Журналистер одағына, «Новое поколение», «Қазақ үні» газеттерінің ұжымына жолдаған. Ұйымшыл ұжымның челленджін алғашқылардың бірі болып Қазақстан Журналистер одағы жалғастырды.

**Сейітқазы МАТАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының төрағасы:**

– Біз «Alataу Aqparat» ЖШС бастаған «Ағаштарды аялайық!» челленджін қуана қабыл алдық. Өйткені, қаламыздың көркін кіргізіп тұрған жасыл желектер биылғы құрғақшылық салдарынан құрап барады. Мұны бәріміз күнде көріп жүрміз. Мегаполис үшін мұндай игілікті іс шараның маңызы өте зор. Біз бүгін өз мекемеміздің айналасындағы ағаштарға су құйдық, жасыл желектерімізді күтіп-баптауды ары қарай да жалғастыра береміз. Қаламызға деген қамқорлық өз айналамызды жайқалтудан басталады деп есептеймін. Бұл челленджді мен ақын Ұлықбек Есдәулет басқарып отырған Қазақстан Жазушылар одағына жолдаймын. Жазушылар одағының айналасында ағаштар өте көп, саябақ бар. Әріптестеріміз де бұл шараны қуана жалғастырады деп сенемін.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

**Арыстанбек ЖҰМАҒҰЛОВ,
«MedRemZavod» компаниясының бас директоры:**

– Біз де «Alataу Aqparat» медиахолдингі бастаған «Ағаштарды аялайық!» челленджіне қатысуға ниет еттік. Ағаштарымызға бүгін күтім жасап, суғармасақ, қаламыздың жасыл емес, жалаң болып қалу қаупі бар. Сондықтан жасыл желектерді баптауды жалғастыруымыз керек. Біз бұл челленджді «Сұңқар» медициналық компаниясына жолдаймыз.

«Alataу Aqparat» ЖШС өз бастамасына қолдау білдіріп, игі істі іліп әкетіп жатқан ұжымдарға алғыс білдіреді. Ару Алматыны көркейтуге бәріміз үлес қосайық!

Айнұр НҮРСАБЕТ.

ТОКИО–2020

Қазақстандық былғары қолғап шеберлері Токио–2020 Олимпиадасын қос қоламен тәмамдады.

Алдымен Василий Левит пен Абылайхан Жүсіповке алғашқы кездесулерінде сәттілік жетіспесе, қалған боксшыларымыз саты сайын сүрінді. Жеңіске үмітті болған Қазақстан бокс құрамасының капитаны Қамшыбек Қоңқабаев пен Сәкен Бибосынов жартылай финалға жаңылмай жеткен болатын. Алайда, қарсыластарына дес беріп қойған боксшыларымыз ел қоржынын қос қоламен толықтырды. 5 тамыз күні британдық Галал Яфамен жұдырық түйістірген жерлесіміз Сәкен Бибосынов жарыс соңында көз жасына ерік беріп, қазақстандықтардан кешірім сұрады: «Токио Олимпиадасына «алтын аламын» деп келгем. Бірақ қола жүлде бұйырып тұр екен. Жанкүйерлерді, қазақ халқын алтынмен қуантып, Токио төрінде Әнұранымызды ойнатуды басты мақсат еттім. Өкінішке қарай, ол арманыма жете алмадым. Бар күш-жігерімді салдым. Соңына дейін жүдырықтастым. Бірақ сәттілік жетпеді. Барша жанкүйерлерден, барша халықтан жеңілігім үшін кешірім сұраймын. Бірінші раундта қарсыласқа беріп қойдым, қалған екі раундта аянып қалмадым. Бапкерлерім бірінші кезеңнен соң 5:0 ұтылып жатқанымды айтқан соң, одан сайын алға бастым. Енді қола жүлдені қанағат тұтамыз. Бұл – менің



бірінші Олимпиадам. Тіпті, Токиоға бара алмай қалуым да мүмкін еді. Жолдаманы ең соңғы сәтте жеңіп алғанымды білесіздер. Сондықтан бәріне қанағат. Бапкерімді, халқымды қуантқым келген. Бұйырғаны қола екен. Жүлдемді барша қазақстандықтарға арнаймын. Осы Олимпиадаға келген соң, туған ағам қызды болды. Женгем босанды. Айлин деген кішкентай қарындасыма да осы медалімді арнаймын», – дейді С.Бибосынов.

Жарыстың алғашқы күні дзюдодан Қазақстан командасының үздігі Елдос

Сметов Токио Олимпиадасының қола жүлдегері атанған болатын. 60 келі салмақта сынға түскен Елдос кіші финалда Нидерланд өкілі Торнике Цакаджоеңі жеңді.

Ауыр атлетикадан бақ сынаған зілтеміршілеріміз де Токио төрінен жүлдесіз қайтқан жоқ. Қос сайыс бойынша Игорь Сон 294 келі, Зульфия Чиншанло 213 келіні еңсеріп, жарыс жолын үздік үштікпен тәмамдады.

Ал қазақстандық балуан Нұрислам Санаев еркін күрестен 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде үздік үштікке табан тіреді. Жартылай финалда үндістандық Кумар Равиге есе жіберген спортшымыз, болгариялық Георгий Вангеловпен қола медальді сарапқа салды. Нәтижесінде қазақстандық балуан 5:1 есебімен жеңіске жетті. Ел қоржынын жетінші қоламен Дархан Асаділов толықтырды. Ол қаратәден қазақстандық тұңғыш Олимпиада жүлдегері. Дархан Асаділов жартылай финалда франциялық Стивен де Костамен кездесіп, 2:5 есебімен жеңіліп қалды. Карате Олимпиада бағдарламасына тұңғыш рет қосылып отыр. Және біздің алғашқы жүлдеміз бар.

**Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.**



Көгалдар сарғайып, ағаштар қурап жатыр

Сандық технологияның ең үздік жетістігі деген осы шығар, бүгінде алматылықтар әлеуметтік желіде өте белсенді. Олар кез келген жәйтті сымсыз телефон арқылы желілік арналарға жүктеп, мәселені жылдам шешуге қалыптасып үлгерді. Біз бүгінгі жарияланымдарды әлеуметтік желіде жарияланған мәселелерге арнап отырмыз.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ



Ешкім елеп-ескерер емес

Алматылық Н.Прокопьева әлеуметтік желі арқылы брусчаткалары дұрыс төселмеуі салдарынан мынадай шұңқыр пайда бола бастаған жердің суретін салыпты. «Мына жердің опырылып жатқанына екі айға жуық уақыт болды. Алғашында ойықты қызыл лентамен қоршап қойғанына қарап, жөндейтін шығар деп үміттенгенбіз. Бірақ әлі ешкім елеп-ескерер емес. Керісінше, әлгі шұңқыр күн санап ұлғайып келе жатқандай... Дәл қасында – Байсейітова көшесінде Ұлттық кітапхана бар. Кешке жарығы жоқ көшемен жүру де қауіпті. Себебі, мына жерді байқамаған адам сүрініп кетіп, аяғын сындырып алуы ғажап емес. «Жығылғанға жұдырық» демекші, онсыз да субұрқағы суалып, көгалы қурап жатқан аймақтың енді көшесі осылайша опырылып жатқанын көргенде еңсең түсіп, кәдімгідей ренжіп қалады екенсің.



АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Қайран, жасыл желек!

Алматының жасыл қорына алаңдаушылық танытқан қала тұрғындарынан редакция қоржынына толассыз хаттар келіп жатады. Бұдан біз қарапайым халықтың қоршаған ортаның қазіргі ахуалына бей-жай қарамайтынын байқаймыз. Алматылық Инна Яковлева Төле би көшесі мен Розыбакиев көшелерінің қиылысындағы көтерме сауда базарының аумағындағы ағаштардың қурап, суға шөліркеп тұрған суретін әлеуметтік желіге жүктепті. «Төбенді тесер аптап ыстықта жасыл желекке де қамқорлық қажет-ақ. Мынау біздің жасыл елге айналу

үшін отырғызылған көшеттердің бір жылдан кейінгі сикы. Ағаштарға қараңыздаршы, кәдімгідей көктеп өсіп келе жатқан екен. Бірақ су құйылмаған соң қурап кетіпті. Обал-ақ. Тағы бір түсінбейтінім, жас көшеттер отырғызылғаннан кейін, олар әбден жерсініп өспейінше бұрынғы ағаштарды кесіп, алып тастауға болмайды».

Алматы тұрғыны Арай Қасымбаева да дәл осындай пікірде: «Қойшы көп болса, қой арам өледінің кері». Менің ойымша, бізде мердігерлер көп, сол себепті тиісті жұмыстар өз дәрежесінде атқарылмайды.

Бәлкім, бұдан былай жауапкершілігі зор жұмысты дұрыс атқармағандарды қылмыстық жауапкершілікке дейін тарту керек шығар. Өйткені, ағашты отырғызып қана қоймай, күтіп-баптау керек, ал мердігерлер бұл жағынан осалдық танытып жатқаны анық.

Жаз ортасында бұл талдарға күз келген секілді. Қала тұрғыны Сержан Бауыржанұлы мегаполисте жасыл желекке жаны аштынын айтады. Рас, биыл көгалдардың көбі сарғайып, ағаштар қурап жатыр. Суғару жұмыстары дұрыс жолға қойылмаған.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

№203 автобус уақытылы жүрсе екен...

Қала әкімдігінің қолдауымен Алматыға Құлжа тас жолы арқылы жүретін №203 автобус қатынайды. Қоғамдық көлік облыс пен қаланың ортасын Құлжа тас жолы арқылы жалғап, Гүлдәла, Панфилов, Қарабұлақ, Алексеевка сынды бірнеше ауылдың тұрғындарына да қызмет көрсетеді. Алматыға жиі қатынайтын облыс тұрғындары «Оңай» жүйесі арқылы жолақы төлейтіндіктен, яғни арзан болғандықтан, барлығы жұмысқа осы қоғамдық көлікпен келіп, қайтқысы келетіні түсінікті. Бірақ «мақтаған» көлігіміз кейінгі кездері уақытында жүруді қойды. «№203 автобусты сағаттап күтетін кездеріміз көп. Көлік жүргізушілер кей күндері тіпті адам алмай зу етіп өте шығады. Есесіне, келесі көлік аптап ыстыққа қарамастан автобус ішін адамға лықа толтырып алып жүре береді. Қаладағы эпидемиалды барлығымыз жақсы білеміз, шамамыз келгенше санитарлық талаптарды сақтауға тырысамыз. Алайда, дәл мынадай адамды көліктің ортасына дейін толтырып алатын автобустарда талап хәм тазалық қаншалықты сақталады? Онсыз да күн ыстық, адамдардың иықтары бір-біріне тиіп, жабысып тұрады. Не салқындатқышы жоқ. Міне, біз №203 автобусты күтіп тұрғанымызға бір сағатқа жуықтап қалды. Көлік жүргізушіден кешігуінің себебін сұрасақ: «Графиктен қалып қоямыз?» дейді. Сонда оларға қайсысы маңызды? Әйтеуір, белгіленген кестеден қалмай жүру ме, әлде халыққа қызмет ету ме?

Мүмкін болса, автопарк басшыларына біздің осы жанайқайымызды жеткізіңіздерші...», – дейді автобус күтіп тұрған бір топ жолаушы.



ТҮЙІН:

Тұрғындар өтініші жоғарыда айтылған мәселелермен ғана шектелмейді. Ол анық. Себебі, Алматы – тіршілік қазаны қайнап жатқан алып мегаполис. Оның үстіне, аумағы ұлғайған сайын шаһар шаруашылығында түрлі жәйттердің орын алып жатуы да қалыпты жағдай. Сондықтан біз тұрғындар өтінішінің құзырлы орындарға дер кезінде жетуіне, мүмкіндігінше шешімін табуына мүдделіміз. Ал сала басшыларына алматылықтардың талап-тілектері кейінге ысырылып, ескерусіз қалмай, уақытында шешімін табады деп сенеміз.

Бетті дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.

ТОКИО–2020

Ең жас спортшы



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Олимпиада ойындарының 50 жылдық тарихында ең жас спортшы атанған Хенд Заза әлем елдерін таңдай қақтырды. Сириялық спортшы қыз небәрі 12 жасында Токио Олимпиадасының ашылу салтанатында өз елінің туын ұстап шықты. Стол теннисімен 7 жасынан бастап айналыса бастаған жасөспірім бірінші айналымда жеңіліс тапты. Байрақты бәсекеге жолдама алып, өзінің өжеттілігімен танылған қыз алдағы уақытта берілмейтіндігін, теннис ойындарында айтарлықтай жетістікке жететінін баян етті.



Соңғы ойын

Биыл жаңа рекордтық көрсеткіштер орын алуда. Пневматикалық тапаншадан оқ ату спортынан грузин спортшысы Нино Салуквадзе биыл тоғызыншы рет дүбірлі додада өнер көрсетіп, «тоғыз рет Олимпиадаға қатысқан тұңғыш әйел» ретінде танымалдығы артты. 1988 жылы Сеулде Олимп шыңын бағындырған спортшы бірнеше дүркін Әлем және Еуропа чемпионы. «КСРО еңбек сіңірген спорт шебері» атағын иеленген әйел осы күнге дейін спортпен шұғылдануды жалғастырған. Биылғы қорытынды бойынша пневматикалық тапаншадан 10 метр қашықтықтан ату кезінде 51 ойыншының ішінде 31-орынға тұрақтаған ол бұған дейінгі ойындарда медальсыз қалған кезі болмаған. Ниноның айтуынша, биылғы Олимпиада оның спорттық мансабындағы соңғы ойын болмақ.

100 жылдан кейін



Жапонияның астанасында – 1912 жылдан бері алғаш рет Олимпиаданың алтын медалі екі спортшыға бөліп табысталды. Ерлер арасында биіктіктен секіру секторында катарлық Мутаз Эсса Баршим мен итальяндық Джанмарко Тамбери бірдей нәтиже көрсеткен. Екі спортшы да 2,37 метр биіктікке секіріп, төрешілер қос спортшыны да Олимпиада чемпиондары деп таныған.



Бір үйдің балалары

Олимпиада ойындарында бір күнде, бір үйдің балалары бір спорт түрінен чемпион атанды. Алдымен 52 келі салмақ дәрежесіне дейін әйелдер арасында белдескен Ута Абз карсыласы Франциялық Амандин Бушардан айланып асырып, алтын жүлде иеленді. Көп ұзамай Утаның ағасы, 66 келі салмақ дәрежесінде күрескен Хифуми Абз ақтық бәсекеде грузиялық Вашу Маргвелашвилиді жеңіп, алтын жүлдені еншіледі. Айта кетейік, ағайынды Ута мен Хифуми Абздердің бір күнде жеңіс тұғырына көтерілуі бірінші рет емес. Бұған дейін 2018 жылы Әзербайжанда өткен әлем чемпионатында да екеуі алтын жүлде алған болатын.

ТАҒДЫР

Сену қиын. Бірақ Шынаргүлдің тағдыры сенбесіңе қоймайды. Табаны күректей 14 жылғы өмірін ол қалаға іргелес тұрған Алматы облысында құлдыққа өткізген. Алғашқы екі жылда ол өзінің құлдыққа жүргенін аңғармаған. Көк базарға таңертеңмен манти сатуға шыққан күндердің бірінде ол есебін тауып, қашып шығады. Біз сұхбаттасқан 4 сағат уақыт құдды бір шытырман оқиғалы фильм көріп шыққанмен тең болды.

– Шынаргүл, (есімі өзгертілген – авт.) құлдыққа қалай түсіп жүрсіз? Өзіңіз жайлы аз-кем айтып берсеңіз.

– Өзімнің туған анам сіңлімді босанып жатып, қайтыс болған. Содан мені Талғардан Нарынқол жаққа 1973 жылы асырап алып кеткен. 1986 жылы қалаға келіп, оқуға түсе алмай қалдым. Білімім жетіп тұрды, бірақ ауыл шаруашылығына жұмысқа барарда киімім жоқ, бара алмай қалдым. Мені асырап алған шешем аурушаң, момын кісі еді. Оның туысы, (кейін мені құлдықта ұстайтын кісінің қызы) «Саяхатта» диспетчер болатын. Мен оны сондағы суретінен көріп, Бақытгүл тәте деп өзіме жақын тартып, бардым. Оқуға түсе алмағандықтан, мені одан басқа барар жерім жоқ. Тіпті, жолыма бір тиын жоқ. Мені Нарынқолға салып жібереді деген үмітпен үйіне бардым. Бірақ «әне жіберем, міне, жіберем» деген сылтаумен үйінен шығармады. Менің сол кездері ештеңеден хабарым жоқ, бірақ сол жақын тартып барған Бақытгүл жеңгетайлықпен айналысып, түрмеге отырып шыққан екен. Оның әкесі – прокурор, менің шешеме күйеу бала болатын. Сол кісі қайтыс болған кезде шешем көңіл айтып барып, ары қарай ауылға бірге қайтатын болғанбыз. Бірақ мені құлдықта ұстайтын Бақанақтағы үйге шешем мені қалай өз қолымен апарғанын білмей қалды. Үйлеріне барғанда көрдік, өте дәулетті тұрады. Бірақ қаңғыбас адамдар толып жүр. Екі баласы жолсерік болып істейді. Олар сол қаңғыбас адамдарды Мәскеуден пойызбен алып қайтады екен. Мен пойызда вагон да жудым. Балалары мал ұрлауға ұрлыққа шығады. Арық мал болса оны семіртіп, Қырғызстанға асырып жіберетін. Ол жақтан да мал алып қайтады. Үйде тамақтың бәрін мен жасаймын. Қонақтар келе қалса, таза киім кигізіп, «мынау менің әпкемнің қызы» деп отырғызып қояды. Содан әріне, «мынау құлдықта жүр-ау» деген ой ешкімнің ақылына келмек түгілі, түсіне де кірмейді. Маған малайсың демей, бірақ алдап жұмсап, малға салып қоятын. Бір-екі жыл жақсы қарады, бірақ кейін мал сияқты қарайтын болды. Өзім құлдықта жүргенімді түсінгеннен кейін бір күні үйден қашайын деп әрекеттендім. Оны балалары біліп қойып, мені аямай, қатты ұрып, соққыға жықты. Ал шешем үйге келген кездері үйдегілер мені бір сәтке шешеммен оңаша қалдырған емес. Ондай мүмкіндік бермейтін. Ауылда жұмыс болмағандықтан, шешем менің осы үйде жүре бергенімді қалайтын. Өйткені, не ішем, не жеймін деп қиналмаймын. Олар шешеме «қызыңа қаладан үй алып береміз» деп өтірік уәде берген. Әрі олар қонаққа, тойға келген кездері шешеме ақша, киім-кешек беріп, риза қылып аттандыратын. Құлдықта жүрген бірнеше жылдан кейін шешеме ебін тауып, «жағдайым мәз емес, үйдегілер мені ұрып-соғады» деп айтып көріп ем, шешем сенбеді. «Нағашыла-



ҚҰЛДЫҚТА ӨТКЕН 14 ЖЫЛ

рыңның үйінде жүрсін, үй алып береміз деген, аз қалды, шыда» деп, ары қарай сөйлетпей тастайтын. Құлдықта болғанымды шешем ауырып жатқан кезде, 18 жылдан кейін айтқанымда да ол кісі маған сенбей кетті.

– Өзіңіз құлдықтан қашып шыққанда, балаларыңыз қайда еді? Жеке өміріңіз қалай болды?

– Мен құлдықта жүрген үйдің баласы біреуге қарыз болған көрінеді. 19 жасымда мені өзімнен үлкен бейтаныс жігітке сыртымаң 800 долларға сатып жіберген. Содан аяғым ауыр екенін шешеме айтуға тура келді. Бірақ оны үйдегілер менен бұрын шешеме: «қызың өзі жеңілтек, сөйтіп жүріп ұрынып қалды» деп тағы өтірік айтқан. Содан бірінші баламды босаңған кезде оны ауылдағы шешем асырап алып, өзінің атына жазғызып алды. Екінші қызым мен ұлымның әкесі де менімен бірге құл болып істеген жігіт еді. Бірақ ұлыма аяғым ауыр кезде ол ұшты-күйлі жоғалып кетті. Қызым қозы бағады. Бір қозының жатып қалғанын көрс,

балалары қызымды ұратын. Бізге қинап арақ ішкізеді. Түнгі он екіде мал келді дейді, бәріміз мал союға шығамыз. Оны далада сойып, терісін далаға өртеп, ішек-қарнын сол жердегі өзенге жуып-шайамыз. Қыстың күні өзеннің муздай суы сүйегіңнен өтеді. Малды бауыздамай, біртүрлі соятын. Туша-туша қылып, Камаздарға салып, клиенттерге жөнелтеді. Жылынайық деп от жағайық десек, түнде далада жанған отқа адамдар келіп, біліп қояды деп бізді ұратын. Мен құлдықта жүрген үйдің кенже баласы қорқынышты еді. Жауыздығынан адам шошиды. Үйдегілердің бәрі арақ ішетіндіктен, екінші қызымды шешеме апарып тастап, 7-8 жыл көрмедім. 2008 жылы ұлыма аяғым ауыр кезде әлгі үйден қашып шықтым.

– Қашудың ретін қалай таптыңыз?

– Мені құлдықта ұстап жүргендер Бесағаштан ескі үй алып, сол жерге үй салады. Ондағы көрші ұйғыр төтелер манти пісіріп, базарға сатады екен. Маған да «сен құр жүрмей, осылармен манти жасап, сат»

МАМАН ПІКІРІ

Оразгүл АРЫСТАНОВА, «Аналарды қолдау» орталығының заңгері:

САЛҒЫРТТЫҚ КӨП

– Шынаргүл апайдың қызы кафеде істеп жүргенде сол кафеде тұратын қайырымдылық қорының жәшіктерін жинауға келген жігітті көреді. Содан ол жігітке бар жағдайын айтып, көмек сұраған. Әлгі жігіт оған «Аналарды қолдау» орталығындағы менің нөмірімді береді. Ол кез бытыр қараша айы болатын. Апаы ұлдары мен қызының және өзінің құжаты жоқтығын, сол үшін ресми жұмысқа орналаса алмай жүргенін және балалары біреудің атымен жарысқа баратынын айтты. Содан бірден сотқа құжаттарын жинадық. Көші-қон полициясының протоколы бар, мектептен алған құжаттары бар, сөйтіп балалардың құжатын жасап бердік.

Таңқалатыным, бала кішкентай кезінде неге есепке тұрмаған? Емханадан бастап, мектепке барғанда әлеуметтік жұмыскерлер әкімшілікке шығып, «неге бұл әйел құжатсыз жүр» деп комиссияға шығу керек еді. Сол жұмыстар жасалмаған. Учаскелік полиция ақша сұраған, ол да жемқорлықтың, заң бұзушылықтың көрінісі. Мемлекеттік органдардың өз жұмысына салғырттық танытып, көз жұма қарағаны үшін бәрін қылмыстық жауапкершілікке тарту керек деп ойлаймын. Бұл жағдай жалғыз Шынаргүл апайдың басындағы мәселе емес. Шыны керек, қанша адам осындай мәселемен жүр біздің елде. Өзім осы кісінің құжатымен айналысқалы бері көп осындай салғырттыққа тап болып жатырмын. Бұл материалдарды біз сотқа тапсырғанбыз, бірақ олар бізден материал қабылдамай жатыр. Біз өзіміз демеуші тауып, балалардың бәріне ДНК анализ тапсырдық. Бірақ сонда да материалды бізге кері қайтарып жатыр. Бір қынжылтатыны, сот Шынаргүл апайды шақырып, мынау қандай жағдай, неге бұлай болды деп сұрамаған. Алатау аудандық сот ісін қараған судья не өзі, не хатшысы шығып сөйлескенін көрмедім. Бірінші процеске қатысқанымызда ол өзін жоғары ұстап, менсінбеген адамдай сөйледі. Мен бақылаушы болып сырттай бақылап отырғанмын. Залда отырғанымды білдіріп, сөйлескенде, сөзге келіп қалдым. Шынаргүл апайды өз еркінен тыс бас бостандығынан айыру жағдайы ҚР Қылмыстық кодексінің 126-бабымен жазалану керек. Онда 3 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделген.

деген соң, сол жұмысқа шығатын болдым. Түнгі сағат екіден таңғы сағат 6-ға дейін манти түйіп, пісіріп, 1000 дана мантины екіге бөліп салып, базарға алып кетем. Манти мыжылып қалса, таяқ жеймін. Жасаған мантимнан өзіме бір түйір жегізбейді. Қалған-құтқан тамақтан жейміз. Содан Көк базарға манти сатуға шығып жүрген кездері қашып кетуді ойластырып жүрдім. Бір күні таңертең қызым екеуміздің құжатымызды тығып ала шығып, мантидан түскен ақшаның бір тиынын да алмай, хат жазып, ішіне ақшасын орап, ұйғыр әйелден беріп жібердім. «Істеген жақсылығыңызға рахмет, енді сіздің үйіңізде жүре алмаймын, қызымды көрмегелі 7-8 жыл болды, бала-шағамды сағындым, жаным солармен бірге, атсаңыз атып тастаңыз, енді сізге қызмет істемеймін, кешіріңіз» деп жазып, кішкене беторамалды ұйғыр әйелден беріп жібердім. Қашып шыққан соң қара шайым болсын, өзім қайнатып ішкеніме қуанып, біраз уақыт бойы өз-өзіме келе алмай жүрдім. Банктен несие алуға барғаныма, маған өлген адамның ЖСН-мен жалған құжат жасатқаны базадан шыға келіп, мені бір күнге қамап қойған жағдай да болды. Содан кейін он жыл дегенде өзім мен балаларымның құжатын зорға жасатып, былтыр ғана алдым.

– Неге он жыл уақыт жұмсадыңыз құжат жасауға? Сонда сіз үш баланыңбен он жыл бойы Қазақстан азаматы ретінде есепте болмағанысыздар ма?

– Қашып шыққан соң менде жеке куәлік, балаларда туу туралы құжат жоқ. Талғардағы учасковойға барсам, олар үш-ақ күнде жасап береміз деп 100 доллар сұрады. Менде ондай ақша жоқ. Олар сұраған ақшасын жұмыс істеп, өліп-талып енді жинадым-ау дегенде олардың ставкалары өсіп кетеді. Сондайда шаршап кетіп, қолымды бір сілтейтінмін. Солай ку ақша жетпей, соңынан жүгіріп жүргенде, барлық құжатты он жыл дегенде барып зорға алдым. Оның өзі Алатау ауданындағы Көші-қон полициясындағы Азамат деген жігіт араласқан соң бітті. Ол менің не үшін құжатсыз жүргенімді, балаларымда неге туу туралы куәлік жоқтығын түсіндіріп жазған өмірбаянымды оқып, түнімен ұйықтай алмай шыққан екен.

Балаларым кішкентайынан спортқа бейім. Үлкені күреске барады, футболға қатысады. Балам құжатсыз жүрген кездері көршілер де біліп алған, жарыс бола қалса, «менің баламның атынан қатысып келсінші» деп 2000-3000 теңге береді. Сонда балам үнемі бірінші орындар алып келетін. Бір күні шыдай алмай жыладым. Бармашы десем, энергиясы тасып тұрған балам онсыз тұра алмайды. «Анашым, газдың, светтің ақшасын төлейсіз, сізге көмек болады» деп жұбаттып қояды. Өзінің құжатын алған соң, балам бірінші рет өз атынан жарысқа қатысып, бірінші орын алып келді. Жүрегім жарыла жаздап, қатты қуандым. Оның өзі үлкен бақыт екен. Қазір дүкендерге манти, бәліш пісіремін. Тапсырысқа ыстық тамақ дайындап, таксимен салып жіберемін. Кейде бұрынғы өмірімді есіме алсам, қорқынышты түс секілді. Сізге айтып, біраз жеңілдеп қалдым, әйтпесе көп ешкімге айта бермеймін өткен өмірімді. Бірақ ең ауыр күндер артта қалды. Шүкір деймін...

Сұхбаттасқан
Әсел ДАҒЖАН.



ҚҰМШАРЫҚ

ОЙ ШАБАНДЫҒЫ ЖАНРҒА ТҰСАУ



РОЗА РАҚЫМҚЫЗЫ

Фольклорымыздың түп негізін қиял-ғажайып дүниелердің құрайтындығына қарамастан, өкінішке қарай, бүгінгі қазақ әдебиетінде фантастика жанры мейлінше кенжелеп қалып отыр.

Бұл тараптағы еңбектердің біреуі қисынға келеді, біреуі келмейді. Енді біреуінде фантастика ұшқыны болғанымен, көркем әдебиеттің талабына жауап бере алмайды. Ал фантастика жанры өз дәрежесінде болуы үшін, біріншіден, жазушылық талант болуы керек. Яғни кәдімгі роман, повесть, әңгіме жазатын адамдарға қойылатын талап фантастика жазатын адамға да қойылуы шарт. Екіншіден, фантастика жазатын адамның ұшқыр қиялы болуы қажет.

Жазушы Марал Сқақбайдың бұл реттегі пікірі: «біздің қаламгерлеріміз фантастиканы көбіне қиял-ғажайып ертегілерге ұқсастырып жібереді, кейіпкерлерінің бірі айда, бірі жұлдызда жүреді. Әрине, шығарманың толықтай ғылыми болуы шарт емес. Мысалы, Беляевтің «Профессор Дуэльдің басы» деген

шығармасын оқығанда, «Бұлай болуы да, болмауы да мүмкін-ау» деген ойда тұрасың. Оқырманды сәл де болсын бірдеңеге сендіре алатындай болса, онда фантастика бар деген сөз. Сондықтан фантастикалық шығармалар көркемдік талаптарға сай келумен бірге, ғылыми жағынан шешілген, сол тұрғыда мүмкіндігі бар болуы тиіс», — дегенге саяды.

Жалпы, бүгінгі өмірден шынайы шығарма тудырдың не, фантастика тудырдың не, бұл жердегі мақсат біреу-ақ, яғни кейіпкердің тағдырын көрсету, сол арқылы адам бойына ізгі қасиет дамыту болуы қажет. Соған қол жеткізген адам — міне, нағыз жазушы. Қалай болғанда да, фантастикалық шығармаға ғылым деп емес, көркем әдебиет жанры ретінде қарау керек. Дегенмен, «астарында ғылыми бірдеңе жататын болса, ол да — жақсы нәрсе», — дейді Марал Сқақбай.

Мысалы, кезінде «Білім және еңбек» журналының алғашқы редакторларының бірі болған Талап деген қаламгер біздің фантастиканың тууына белгілі бір дәрежеде әсер етті. Сол кісінің «Лабораторияда дайындалған ет» деген бір әңгімесі болған. Сол әңгіменің кейіпкері

бір жапырақ етті алады да, әлде-бір технологиямен зертханада өсіреді. Ол өсіп-өсіп, үлкен ет болады. Осы, мысалы, қазіргі ғылымда бар. Яғни мейлі жануардың, мейлі адамның болсын, кішкентай ғана клеткасын алып, үлкен ғып өсіріп шығара алады. Осылайша клондау тәсілімен шығарылған қой болған.

Өткенде біреулер теледидардан тіпті, «адамды жасап шығару да сөз емес. Оны да жасадық. Бірақ адамның формасына ене бастағанда тоқтаттық» деп жатты. Былайша айтқанда, біздің ғылымымыз қазір осындай деңгейге де көтерілді. Ал қарапайым ғана Талап сияқты замандасымыз соны кезінде-ақ қиялымен болжай білген. Бірақ жазушылық қабілеті онша мықты болмағандықтан, шығармасын көркемдік деңгейге жеткізе алған жоқ». Өкінішке қарай, қоғамдық ойға қозғау саларлықтай қабілетке ие мұндай қаламгерлер бізде жоқтың қасы.

Осы орайда, Марал Сқақбай осыдан талай жыл бұрын жазған «Ғажайып әлемнің күнгейлері мен көлеңкелері» атты мақаласында «әлемдік фантастика қай бағытта дамып бара жатыр», «кеңестік фантастиканың деңгейі қаншалықты» дегенді саралай отырып, соның аясында «қазақ фантастикасының әлеуеті қандай» деген сұраққа жауап іздегендігін айтады. Сол мезетте «қазақ фантастикасы жаңадан туып, жаңадан қалыптасып келе жатыр» деп ұйғарым жасаған жазушы бүгін де: «Менің ойымша, содан бері өзгере қойған ештеңе жоқ. Өзгерген болса, бәрі айтып, жарыса жазып, даңқы мен дақпырты құлағымызға әлдеқашан жеткен болар еді» деген ойын жасырмайды. Қалай болғанда да, бірлі-жарым жазушының жетістігі күллі фантастика жанрына өлшем бола алмайтыны даусыз.

СҰРАҚ – СІЗДЕН, ЖАУАП – БІЗДЕН

Мойындалған өнер

Тас дәуіріндегі жартаста салынған суреттер, көне қала Помпейдегі дуал сынықтарындағы жазбалар бізге тарихтан белгілі. Бірақ әртүрлі суреттер мен әріптер таңбаланған қабырғаларды шет елдің үлкен қалаларынан бүгін де кездестіруге болады. Бұл өнер ме, әлде басқа ма?

Нұрбике ОРАЛБАЙ.

Өлем-жәлем дуалдарды көріп, «Бұзақылар бүлдіріп кеткен екен» деп ойлауыңыз мүмкін. Бірақ ол — нағыз граффити. Граффити дегені-

міз — дуалдарға, камалдарға, басқа да тік қабырғаларға бояумен, сиямен салынған суреттер немесе жазулар. Жартастағы суреттер мен заманауи граффитидің арасында айырмашылық көп. Қазіргі кезде бұл — әбден мойындалған өнер. Ал бәрін бастаған — XX ғасырдың 60-жылдарында Нью-Йоркте тұрған, Теки деген лақап аты бар грек баласы Деметриус болатын. Ол елден ерекшеленгісі келіп, үй қабырғаларына лақап атын жазып жүреді. Көп ұзамай басқа жасөспірімдер де өз есімдерін дуалдарға

жазуды әдетке айналдырады. Тіпті, оларды жазалау шаралары да еш нәтиже бермейді.

Граффити бүкіл әлемге тез таралып кетті. Көше суретшілері өздерін «райтер» деп атай бастады. Графикалық өнер сан алуан түрлерге және стильдерге бөлінеді. Граффитидің негізгі түрі «райтинг» деп аталады. Бұл — эскиздер арқылы күрделі картиналар мен суреттер салу, олардың кейіпкерлері мультимедияландырылған да, кәдімгі адамдар болуы да мүмкін. Ал «бомбинг» деген түрі көбінесе көлікте салынады.

Тоқыраудан да сақтайды

Би спорттың орнын алмастыра ала ма? Онымен тұрақты түрде айналысудың денсаулыққа қаншалықты пайдасы бар?

Жаннұр СӨРСЕНҒАЛИ.

Мамандар пікіріне жүгінсек, бимен айналысу организмдегі зат алмасу процесіне, жүрек-қан тамырлары және тыныс жолдары жұмысына оң ықпал етеді, иммунитетті көтеріп, көңіл күйді жақсартуға, шаршағанды басуға көп көмектеседі. Сондай-ақ, зерттеушілер жүректің ишемиялық ауруының азаяуы мен қан қысымының төмендеуіне және дене салмағын қалыпты деңгейде ұстап тұруға да

бидің пайдасы тиетіндігін анықтаған.

Мұның сыртында би сүйекті нығайтатындықтан, онымен айналысқан адам қартайғанда остеопороз, сүйек жарақатын алу сияқты ауруларға көп бой алдыра қоймайды. Сонымен қатар, бишілер суықтию, демікпе, тіпті астма тәрізді сырқаттармен де жиі ауыра бермейді. Би адамды тоқырау жағдайынан сақтайды және қимыл-қозғалысының үйлесімділігін қалыптастырып, жалпы көңіл күйін көтереді. Қысқасы, бимен айналысудың денсаулыққа тигізетін пайдасы зор.

Әзірлеген С.САҒЫМ.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

Үй өсімдіктерін алуға асығыңыз



Ботаникалық бақта үй өсімдіктерін сату жалғасуда. Апта сайын сейсенбі мен жексенбі аралығында 12.00-ден 19.00-ге дейін негізгі ботаникалық бақтың мамандандырылған жылыжайларында әртүрлі үй өсімдіктерін сатып алуға мүмкіндік бар.

Ботаниктер өсімдіктерді таңдау және күту бойынша тегін кеңес беріледі.

Бас ботаникалық бақ — өсімдіктерді, оның ішінде өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін қорғау, көбейту және пайдалану жөнінде зерттеулер мен ғылыми әзірлемелер жүргізуге арналған табиғатты қорғау және ғылыми ұйым мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақ. Бұл жерді «қаланың өкпесі» деп атауы да жайдан-жай емес. Онда Қазақстан, Еуропа, Қырым және Кавказ, Солтүстік Америка және Шығыс Азия флорасының мыңдаған бірегей коллекциясы жинақталған.

Туристік бағыттар күтеді



Шаһарда ашық аспан астындағы көрме өтіп жатыр. Онда әдемі көріністер, қызықты туристік бағыттар басты экспонат болып табылады.

«Атакент» іскерлік орталығының аумағында орналасқан KITF Travel Park — туризм мен

өнерді тығыз байланыстырған екі апталық іс-шаралар сериясы. Көрмеде еліміздің әр өңіріне ерекше мән берілген. Стендтер тақырыптық аймақ және өнер нысаны түрінде безендірілген. Ауқымды іскерлік бағдарлама заңнамалық новеллалар мен қолдау шараларын түсіндіру, азаматтарды экологиялық тәрбиелеу, саяхат кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ агро және экологиялық, этнографиялық, медициналық және басқа да туризм түрлерін талқылауды қамтиды.

Күні мен уақыты: 9 тамызға дейін. **Өтетін орны:** «Атакент» көрме орталығының серуендеу аймағы (Тимирязев көшесі, 42).

Ашық аспан астындағы кино

«Asran Cinema» ашық аспан астындағы кинотеатры жұмысын жалғастыруда. Ол кино сүйіп көретін қауымды уақытпен тексерілген үздік фильмдерді, сондай-ақ көптен күткен жаңа өнімдерді көруге шақырады. Алдағы демалыс күндерінің кестесі: сенбі күні сағат 21.30-да алматылықтарға «Копы в голубом запасе»

фильмі көрсетіледі, ал 23.50-де Натали Портманмен «Жақындық» («Близость») картинасы көрсетіледі. Жексенбіде көрермендер «Сыныптастар» («Одноклассники») (21.30) және «Малена» (23.30) фильмдерін көреді.

Өтетін орны: «Атакент» КБЮ (Тимирязев к-сі, 42 к 15), Жароков жақтан.

2 күндік саяхат



Қаланың қауырт тіршілігінен алыстап, таулар мен көлдердің арасында бірнеше күн болу — жаңа жұмыс аптасын сәтті өткізудің кепілі. Мәселен, сіз Көлсайдың барлық 3 көлін екі күнде аралап шығатын турға қосыласыз ба? Төменгі Көлсайдан басқа, оның сұлулығы мен ұлылығынан кем түспейтін тағы екі көл бар екенін білесіз бе? Ортаңғы және жоғарғы Көлсайды көру үшін екі күнде шамамен 25 шақырым жол жүру керек. Науқан жаңа жолдарды ашып, жаңа көріністерден ләззат алып, жаңа адамдармен танысқысы келетіндерге арнал-

ған. Саяхатшыларды шатырлардағы түн, оттың жанында кеш және табиғаттағы ең дәмді шай күтеді. Саяхат құнына жайлы трансфер, экожинақтар, шатыр, ыстық шай және тамақ дайындауға арналған қайнаған су, сондай-ақ гид қызметтері кіреді. Өзіңізбен бірге әртүрлі консервілер, шұжық, ірімшік, нан, фастфуд, шай, кофе, қоректік тікесбасар секілді тамақтар болуы керек. Сондай-ақ, спорттық аяқкиім мен таяқша, сөмке, көзділдірік пен жақпа май, қосалқы шұлықтар, жылы күртеше, жемпір, шалбар мен қалпақ, саптыаяқ, қасық, пышақ және жеке күтім заттарын ала шығу қажет.

Саяхат 7-8 тамызда өтеді. Жиналу орны мен уақыты: Байтұрсынов көшесі, 100, сағат: 04.00. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз немесе төлқұжатыңыз болуы міндетті. Байланыс: +7 777 732 96 96 (WhatsApp, Telegram) 9.00-ден 19.00-ге дейін.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

БАЛАНЫ ҰЛША ТӘРБИЕЛЕУ...

қолымыздан келмей ме?



Айнұр
СЕНБАЕВА

Әдетте, көбіміз дүниеге ер баланың келуін асыға күтеміз. Әсіресе, ер-азаматтар өзінің мұрагері болатын ұлды қалайды. Отағасының арманын орындау үшін әйелдер де ұл тусам екен деп армандайды. Бірақ сол ата-ананың үмітін ақтайтын, өз отбасына тіреу, еліне қорған болатын ұл тәрбиелеу үшін нені ескеру қажет, неден мүлт кетпеген жөн?..

«Жалғызым...»

Бірде 2 жасқа келіп қалған ұлымды қоларбаға отырғызып, аулада серуендеп жүрдім де, сәл дамылдайын деп көшедегі орындықтардың біріне барып жайғастым. Бір кезде жанымға әдемі киінген, шашы сәнді етіп таралған, жасы біразға келсе де, өңін бермеген әже келіп отырды. Үлкен кісімен амандастым да, ұлымды ойнатып отыра бердім. Баламның былдырлағанын қызықтап ол кісі де балаға мейірлене қарап, сөйлеп отырды.

— Қызым, тұңғышың ба? — деді бір кезде маған қарап.

— Иә, тұңғышым!

— Е-е, дұрыс екен, қызым, мүмкіндік болса, бірнешеуін ту. Алла берсе, туа бер. Сосын балаларыңды бауырмал, көпшіл етіп өсір. Әкесі балаларына тәйт десе, арасына түспе! Өйтпесе, мен сияқты өкініп қаласың!

Алғаш көрген адамына ақылын айтып отырған әжeyдің көзінде мұны бар екені көрініп тұрған еді осы сәтте. Жүзіне сұраулы көзбен қарағанымды сезген кейуана әңгімесін бастады.

— Жалғыз ұлым бар. Жас кезімізде жолдасым екеуміз



жұмысбасты болып, жалғыз баламен қалып қойдық. Марқұм күйеуім тірі кезде бармаған ел, баспаған тауымыз жоқ. Жалғызымызды да ештеңеден тарықтырмай өсірдік. Балам енді ержетіп қалған кезде жолдасым қайтыс болды. Ол кеткен соң барым да, нарым да жалғызым ғой деп, сол үшін өмір сүріп келдім. Оқыттым, үйлендірдім, үй әпердім, барынша аналық парызымды өтеуге тырыстым. Бірақ үміт еткен баламның қазір рахатын емес, азабын тартып отырмын. Өзінің отбасына қорған, маған пана болады деген балам арақ пен нашаның, құмар ойынның құрбаны болды. Осы қылығынан өзінің үйінен де, бала-шағасынан да айырылды. Енді міне, екеуміз тұрып жатқан үйді де банкке кепілдемеге қойып, көп несие алыпты. Жас кезімде күйеуім алып берген қымбат әшекейлерімнің бәрін сатып болды, үйде іліп алар дүние қалмады. Өзі не жұмыс істемейді, балама сөзім жүрмейді. Кейде тіпті мұндай баланың барынан жоғы деп те ойлап кетемін. Алла өзі кешірсін! Қай жерден қателестім деп өзімді кінәлаумен келемін, — деп мұнайды кейуана.

«Әкемен байланыс жоқ»

Құрбылармен бас қосқанда да бала тәрбиесі туралы жиі әңгіме қозғайтынымыз бар. Арамызда 3 ұл туған Мақпал ұлдарының үнемі етегіне оратылып жүретінін, үйде өзінен басқа ешкім оның балаларын керек етпейтінін айтып отырады.

«Жасы 7-ге келген ұлымды да әлі күнге өзім жуындырамын. Әкесімен моншаға жіберейін десем, ол шала жуындырады. Екінші ұлым да менен айырылмайды. Кейде үй шаруасын істеп, қолым тимей жатқан кезде әкесіне ертіп жіберейін десем, көнбейді. Әкесі де жұмыстан келісімен телефонынан басын алмайды, одан қалса көлігімен әуре болып жүреді» деп мұның шағады.

Ұл балаға әкесін үлгі ете алмай отырғанымыз, өз баласын өзіне сеніп тапсыра алмайтынымыз өкінішті емес пе? Әйел адамдардың шектен тыс өбектеуінен ұлдарымыз әлжуаз болып өспегенде қайтсін? Әкесімен арада тығыз байланыс орната алған ер бала өзіне сенімді, нағыз ер болып өспей ме? «Ата көрген оқ жонар» деп, ұлдарымызды әкесінің ізін жалғатып өсіретін ұлт емес пе едік?

P.S.:

Иә, бәріміз ұлымыздың ұлағатты болғанын қалаймыз. Бірақ қазіргі жаһанданған ақпараттық заман жан-жағымыздан қоршап тұрған кезде баланы тәрбиелеу оңай болмай тұр. Қазір кез келген адам бала тәрбиесіне қатысты кемінде 3 кеңес айта алады. Бірақ сол ақылын іс жүзінде өзі жасай ма деген сұрақ туады. Бүгінде ғаламтор беттеріндегі мақалада, отандық және шетелдік педагог, психолог мамандардың жеке аккаунттарында да бала тәрбиесіне, ұл мен қызды жақсы адам етіп тәрбиелеуге арналған кеңестер мен әдістер де толып тұр. Қай-қайсысын да алып, өз тәжірибенізге қолдансаңыз болады. Дегенмен, баланы тәрбиелемес бұрын кез келген адам өзін тәрбиелесе, нәтиже жақсы болар ма еді?..

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әйгілі ғалым Имам Ғазали «Ихияу улумуддин» (Дін ғылымдарының жанданысы) атты еңбегінің бала тәрбиесіне қатысты бөлімінде мынандай кеңес береді:

● Баланы жаман ортадан қорғап, баршылық пен молшылыққа тым үйір етпеу керек. Өйткені, өскенде дүниенің соңына түсіп, өмірін құртады, ақыретін де ондырмайды.

● Баладан жақсы қылықтар байқалса, сол үшін баланы марапаттаған дұрыс. Баланы ондайда қуанту керек. Елдің көзінше сол әрекетін айтып, оны мақтаған жөн.

● Егер кей жағдайларда бала қателік жіберсе, көз жұмып қараған да дұрыс. Әсіресе, бала ол қылығын жасырғысы келсе, біреудің көзінше ештеңе деменіз. Кері жағдайда бала қателікті ашық жасаудан қымсынбайтын болады.

● Балаға жиі-жиі ұрысқан дұрыс емес. Өйткені, көп ұрысу ұрыстың әсерін жояды. Нашар қылыққа баруды оған жеңіл етіп көрсетеді. Әке баламен сөйлескендегі сұсын сақтауы тиіс. Ана болса, балаға әкесіне деген құрметті үйретіп, нашар қылықтардан алыс ұстағаны мақұл.

«Боянатын ұлдар шықты»

Бірде жасөспірім қызым: «Мама, білесің бе, «тик-токта» көп ұл қыз боп киініп, боянған видеоларын жиі жариялайды. Оған басқа ұлдар лайк қойып, пікірлер жазады. Сонда олар қыз болғысы келе ме?», — деп сұрады. Қызымның бұл сұрағына не деп жауап берерімді де білмедім. Шындығында, кейінгі ер балалардың арасында дене бітімдері де әлсіз, аяқтары жіп-жіңішке, шаштары жалбыраған балаларды жиі байқайтын болдым. Кейбір жасөспірімдердің киген киіміне, түр-келбетіне қарап, не ұл, не қыз екенін ажырату да қиын. Одан қалса, көп жасөспірімнің әңгімесіне назар аударсаңыз, болашақта басқа мемлекетке барып тұрғым келеді, ол жақта еркіндік бар дейді. Сондағысы қандай еркіндік? Жыныстық еркіндікті көксей ме? Онсыз да әйелдердің біраз функциясын меншіктеп алған еркектерге енді ашықтан-ашық ұзын етек киіп жүру ғана қалғандай.

Қазіргі кезде жеңіл жүрісті жас жігіттердің көбейгенін жиі еститін болдық. Олардың ойы үй-жайы, ақшасы бар қыз-келіншектерді айналышықтап, солардың есебінен күн көру. Бірнеше бала-шағасын тастап, өзгенің қолына кіріп алатын еркектер де жетерлік. Өз ұрпағынан жеріп, жауапкершіліктен қашатын «жігітсымақтарды» кім деуге болады?

Психологтердің айтуынша, қоғамдағы ең ауыр қылмысты да негізінен еркектер жасайды екен. Айталық, бейкүнә кішкентай балаларға қатысты қылмыстың бәрі еркектердің қолымен жасалады. Мұндай қатыгездік ер емес ез болып өскен жігіттердің ісі.

Жеңілдетілген билет



Ақтолқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Енді ерекше қажеттілігі бар адамдарға билет сатып алу үшін өзімен бірге көп құжат алып жүрудің қажеті жоқ.

2021 жылдың 28 шілдесінен бастап ерекше қажеттілігі бар азаматтар бағасы 50%-ға жеңілдетілген билетті ресми сайттан сатып ала алады. Бұл үшін eGov mobile қосымшасы арқылы ЖСН мен әлеуметтік ID — 6 таңбалы кодты енгізу қажет. Сайт арқылы сапарға шығатын күнінің бен отыратын орынды таңдаған соң, мәртебені растау үшін деректер енгізу қажет.

«2020 жылы теміржол билеттерінің 50%-дан астамы онлайн түрде сатылды. 2021 жылы бұл көрсеткішті арттыруға тырысамыз, мүмкіндігінше жолдаушылардың көбісі билеттерді онлайн сатып

алғанын қалаймыз. Өйткені, бұл уақыт пен ақшаны үнемдейді. Сондай-ақ, елдегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, мүгедек азаматтардың кассаға бармай-ақ теміржол билеттерін сатып алу процесін жетілдіру туралы шешім қабылданды», — деді «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры Петер Штурм.

Ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін цифрлық форматтағы қызметтердің көп болуы аса маңызды. Себебі, дамыған мемлекеттерде тұрғындарға барлығы дерлік қолжетімді әрі тез атқарылады.

«Біз мүгедек адамдардың мәртебесін растайтын құжатты үнемі өзімен бірге алып жүруінің қаншалықты маңызды екенін түсінеміз және мүгедек адамның куәлігі eGov mobile қосымшасындағы «цифрлық құжаттар» сервисінде де қолжетімді екенін қуана хабарлаймыз. Бұдан басқа, «ҚТЖ» ҰК» АҚ билеттерді сату жүйесімен интеграциялаудың арқасында жеңілдігі бар билеттерді ресімдеу мүмкіндігі іске асырылды. Оны алу үшін сайттан билет сатып алғанда, 6 таңбалы код пен ЖСН енгізу жеткілікті», — деп қосты Ростислав Коняшкин.

Жастарға қолдау көп



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

COVID-19 пандемиясынан туындаған дағдарыс жағдайында Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығы барлық санаттағы азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, жұмыссыздық мәселелерін шешу мақсатында осы бағыттағы жұмыстарын күшейтті.

Бүгінгі таңда мегаполисте екі бағдарлама жүзеге асырылуда — Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы және «Жұмыспен қамту 2020-2021 жол картасы». Жыл басынан бері тұрақты және уақытша жұмыстарға 17300-ге жуық адам жұмысқа орналастырылған.

Жуырда «Nur Otan» партиясының Түркісіб аудандық филиалы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қоғамдық кеңесінің мүшелері басқа ұйымдардың өкілдерімен бірге Жұмыспен қамту орталығында болып, мекеме басшылығымен жүздесті. Олардың қатарында аталған қоғамдық кеңестің төрағасы М.Токмурзиев, №32 қалалық емхананың бас дәрігері А.Қажы-

баев, №83 гимназияның оқытушысы А.Калман және «Gagcom» компаниясының директоры В.Фальман бар. Жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары З.Аппазов орталықтың жұмысы туралы әңгімелеп, қоғам қайраткерлері мен жұмыс берушілерді мемлекеттік бағдарламалардың әрбір бағытымен, оған қатысудың артықшылықтарымен, шарттарымен таныстырды.

Жұмыспен қамту орталығы жұмыс іздеушілерге де, жұмыс берушілерге де нақты мүмкіндіктер ұсынады. Әсіресе, жастардың жұмыспен қамтылуына көп көңіл бөлінеді. Мәселен, олар үшін «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны» және «Ұрпақтар келісім-шарты» бағдарламалары бар.

Пандемия кезінде жұмысынан айырылған немесе қысқартуға ұшыраған адамдар үшін еңбек нарығындағы ең сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту көзделген. Сондай-ақ, бизнес-идеяларды іске асыруға гранттар беру түрінде кәсіпкерлік бастамаларды қолдау бар.

Халыққа ыңғайлы болу үшін Жұмыспен қамту орталығының барлық қызметі ENBEK.KZ порталында онлайн-режимде қолжетімді.



АЙНАЛАЙЫН, АБАЙЛА!

көлік апаты көбейіп барады



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қазақстан бойынша 3 миллион 851 мың көлік тіркелген болса, соның 500 мыңға жуығы Алматыға тиесілі екен. Демек, темір тұлпар сатып алу жағынан Алматы қаласы алда келеді. Бұл – жақсы жаңалық. Алайда, бір өкініштісі, оңтүстік астанада көлік апаты басқа қалаларға қарағанда анағұрлым жиі кездесетіні де жасырын емес.

Дерек пен дәйек

Әлемде жылына шамамен 2 миллионға жуық адам жол апатынан қайтыс болады екен. Бұл – бір қаланың, тіптен кішігірім бір мемлекеттің халқындай адам жер бетінен жойылып кетеді деген сөз. Біздегі жағдай да оңыр тұрған жоқ. Елімізде жылына үш мыңға жуық адам жол-көлік апатынан қаза тауып, 19 мыңнан астам адам мертігіп жатады. Яғни күніне 8–10 адам жол апатынан ажал құшады деген сөз. Соңғы 10 жыл ішінде еліміз аумағындағы жол бойларында 30 мыңнан астам адам опат болып, 156 мың адам түрлі дәрежеде жарақат алыпты. Ең өкініштісі, осындай апат салдарынан жылына 300-ге жуық бала қаза тауып, 2000-ға жуығы түрлі дене жарақатын алған.



Жол қозғалысы мәдениеті төмен

Осыдан біраз бұрын ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алдымен Твиттерде, кейін Алматы қаласына сапарында мас күйінде автокөлік жүргізгендерді қатаң жазалау керегін тапсырған болатын. Алматы қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Президент: «Елімізде, оның ішінде Алматыда жол-көлік оқиғаларының көп тіркелетіні алаңдатады. Адамдар қаза тауып, жарақаттанып жатыр. Жол апатынан зардап шеккендер саны басқа елдердегі қарулы қақтығыстардан қаза табатындардың санынан кем емес. Жол қозғалысы мәдениеті айтарлықтай төмендеп кетті», – деп дабыл қағып, аталған жағдайға алаңдаушылық білдірген еді.

Шынында да, Қазақстанның жолдары коронавирустан да қауіпті болып барады. Статистикаға көз жүгіртсек, өткен жылы елімізде 13 515 жол-көлік оқиғасы орын алып, 17 884 адам зардап шекті, 1997 адам қайтыс болды. Оның 184-і – балалар. Қайғылы рейтингтің «көшін» Алматы қаласы және Алматы облысы бастап тұр. Барлық жол-көлік оқиғаларының 40 пайызы аталған өңірлерге тиесілі.

Орта есеппен соңғы он жылда елімізде 30 мыңнан аса адам қаза тауыпты. Ал он жылға созылған Ауған соғысында бүкіл бір КСРО бойынша 14 мың адам оққа ұшқан. Сонда былай қарасаңыз, көлік «соғысының» зардабы Ауған соғысынан да асып барады. Сондықтан жазаны қазіргіден де күшейтпесек, мұның арты жақсылыққа апармайды.

Апатқа жылдамдық арттыру себепкер

Жол тәртібін бұзғандарға қатты шүйлігетін Дания мемлекетінде 1000 адамға шаққанда 700–800 көліктен келсе, бізде әрбір 1000 адамға 172 көліктен тиетінге ұқсайды. Енді мынаған қараңыз, аталған елде жол апатынан зиян шеккен 100 адамның алтауы ажал құшса, біздің елде көлік қақтығысының зардабын тартқан 100 адамның 18-і мерт болуда.

Жол апаты жағынан биік көрсеткіштерімен жылда алдыңғы қатардан көрінетін аймақтардың бірі – Алматы қаласы болса, екінші, үшінші орындарда – Алматы облысы мен Нұр-Сұлтан қаласы. Түркістан облысы да төрттіктен түспей тұр.

Жол-көлік оқиғасын тудыруға түрлі жағдайлар себеп болатынын алға тартқан жол сақшылары «ең көп кездесетін тәртіпсіздік жүргізушілердің белгіленген межеден көлік жылдамдығын арттыруы», – дейді. Бірнеше адамның өліміне соқтыратын жол-көлік оқиғаларының да барлығы дерлік көліктердің жылдамдығын шектен тыс арттыруының салдарынан орын алып жатады екен.

Көлік апатынан мегаполис көш бастаса, жол апаты салдарынан қайтыс болатындардың саны жөнінен Алматы облысы алдыңғы қатарда тұр. Алматы облысында, әсіресе, жаз айларында суға түсу маусымы басталысымен демалыс күндері саяжайға, табиғат аясына, жағажайларға демалуға баратындардың саны артуымен қатар, жол-көлік оқиғасының да көбейе түсетіні анықталған.

«Баламалы көлікті» байқамаса болмайды

Алматыда жыл басынан бері мопед пен самокатшылардың қатысуымен 29 жол көлік апаты болды. ПД мәліметтері бойынша, арнайы талдау негізінде қалада жол-көлік оқиғалары жиі болатын ең қауіпті 33 аймақ анықталған.

– «Vision Zero» бағдарламасы аясында апаттық оқиғаларды азайту үшін қалалық Мобильділік басқармасымен бірге бұл қауіпті аймақтар жаңартылады. Мысалы, сіз байқағаныңыздай, кейбір аймақтар мен қиылыстарда ерекше қызыл, сары, тіпті вафли таңбалары қолданылады. Бұл жүргізушілердің назарын арттыру үшін жасалды, – дейді Алматы қалалық Полиция департаментінің бастығы Қанат Таймерденов.

Сонымен қатар, ол соңғы жылдары қала жолдарында «баламалы көлік» деп аталатын мопедтер мен самокаттардың көбейіп кеткендігін атап өтті.

– Біздің бақылауымыз бойынша, қалада 2-ден 2,5 мыңға дейін электрсамокатшылар мен мопедистер жүреді. Олардың көпшілігі – жеткізу курьерлері. Жыл басынан бері «баламалы көліктің» қатысуымен 29 жол-көлік оқиғасы болып, бір адам қайтыс болды, тағы 29-ы түрлі дене жарақатын алды. Осы бағытта біз әкімдікпен бірге курьерлік компаниялардың басшыларымен кездесу өткіздік. Нәтижесінде Жол ережелерін сақтау, сондай-ақ жеткізушілер мен олардың көлік құралдарының есебін жүргізу бойынша бірқатар ұсыныстар әзірленді, – деді Қ.Таймерденов.

Күре жолдар сапасы сын көтермейді

Жалпы, мамандардың айтуынша, жол-көлік оқиғаларының көп тіркелуіне жүргізушілердің жылдамдықты шектен тыс арттыруымен қатар, қарама-қарсы бағытқа шығып кетуі, бірін-бірі басып озуға тырысуы, жүргізушінің көлік тізгініне мас күйінде отыруы секілді жағдайлар себеп болатын көрінеді. Сондай-ақ, тиісті орындардың құлағына «алтын сырға» – күре жолдардың тарлығы мен сапасыздығы да жол-көлік оқиғасын тудырудың негізгі себебі көрінеді.

Бәлкім, жол жүру ережесін бұзатындар үшін әлі де болса тәртіпті қатаңдату керек шығар. Өйткені, бүгінде қала сыртындағы жүргізушілерді былай қойғанда, қала ішіндегі шекті жылдамдық – 60, ал кейбір жерлерде 40 шақырым болса да, желмен жарысатын көлік жүргізушілері көбейіп барады. Мәселен, өткенде ғана Наурызбай ауданында ВАЗ-211440 автокөлігінің жүргізушісі Карьерная көшесінің солтүстік бағытында келе жатып, қарсы қозғалысқа арналған жолаққа шығып кетіп, КамАЗ көлігіне соғылды. Жол-көлік оқиғасы салдарынан ВАЗ-211440 автокөлігінің жүргізушісі оқиға орнында көз жұмды. Ал оның 2002 жылы туған жолаушысы ауруханаға барар жолда қайтыс болды. Айта берсек, мұндай оқиғалар қалада жиі орын алып жатады. Айдың-күннің амаанында ажал құшатындар қатары азаяр емес.

P.S.:

Жалпы, елімізде көлік апаттары жиі болып тұрады. Жоғарыда біз тек ресми деректерді ғана келтірдік. Ал шын мәнінде, жол апаттары бұдан әлдеқайда көп. Тек көпшілік жүргізушілер даушарды тәртіп сақшыларының араласуынсыз өздері-ақ шешіп алуды әлдеқайда тиімді деп санайды. Сондықтан бұл мәселені шешу үшін шетелдік тәжірибеге көз мән берсек дұрыс-ақ болар еді. Оның үстіне, қала ішіндегі жылдамдықты азайтып, жол сапасының жақсаруына ден қоятын уақыт жетті. Корей ғалымдарының зерттеуінше, жылдамдықты 10 пайызға қысқарту арқылы адам өлімін 50 пайызға азайтуға болады екен. Осындай озық тәсілдерді қолдану арқылы еліміздегі жол-көлік оқиғасына тосқауыл бола алсақ, қаншама адамның өмірін қауіп-қатерден сақтап қала аламыз. Сонымен қатар, көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілерді де ережені бұзбауға шақырып, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына бақылауды күшейткен жөн. Тек тиісті жол ережесін сақтау ғана қауіп-қатерден аулақ болуға көмектеседі.



Мерзімі енді айқын



Айкерім
НӘЛДІБЕКОВА

ҚР Білім және ғылым министрі орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және демалыс кезеңдерін айқындау туралы бұйрыққа қол қойды.

Құжат бойынша, меншік нысанына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және демалыс кезеңдерінің мерзімі айқындалды: жаңа оқу жылы әдеттегідей 2021 жылдың 1 қыркүйегінде басталады.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 аптаға, 2-11 (12) сыныптарда – 34 аптаға жетеді. Демалыс уақыты барлық сыныптарда бірдей. Күзгі демалыс – 7 күн (2021 жылғы 1–7 қараша аралығында), қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі – 12 күн (2022 жылғы 19–30 наурыз аралығында). 1-сыныптарға арналған қосымша демалыс – 7 күн (2022 жылғы 7–13 ақпан аралығында) болып белгіленді. Құжат үстіміздегі жылдың тамыз айының 10-жұлдызынан бастап күшіне енеді.

120 грант бөлінеді



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Шаһар басшылығы инфекционисттерді, анестезиологтерді және реаниматологтерді оқытуға 120 грант бөлетін болды. Бұл туралы қалалық Денсаулық басқармасында айтылды. Осылайша ведомство мегаполистің медициналық ұйымдарындағы кадр тапшылығын жоймақ.

Өйткені, пандемия белең алған кезде-ақ қалада инфекционисттер мен реаниматологтердің жетіспеушілігі байқалды. Бұл жетіспеушілік әлі де бар. Соған сай, кадр тапшылығын жою үшін үлкен жоба әзірленді. Биылғы жылы университеттер базасында өте тапшы мамандықтар бойынша резидентурада оқуға 120 грант бөлінеді. Қаражат жергілікті бюджеттен беріледі. 120 гранттың басым бөлігі «жұқпалы аурулар», «анестезиология» және «реанимация» мамандықтарына бөлінген.

Бүгінде мегаполистің инфекциялық стационарларында 6315 дәрігер жұмыс істейді. Сонымен қатар, онда жұмыс істегісі келетін интернатура, резидентура түлектері, колледж түлектері және қазіргі уақытта емханаларда жұмыс істеп жүрген қызметкерлер қоры бар. Онда 2000-нан астам қызметкер бар.



Қасіретті күннен ескертпе

Адамзат тарихында алғаш рет 1945 жылы 6 тамыз күні атом қаруы қолданылып, осы күн – тарихта қаралы күн ретінде мәңгілікке сақталған

Бұл күні американдық әуе күштері Жапонияның Хиросима қаласына атом бомбасын тастап, салдарынан 140 мыңға жуық адам құрбан болды. Ішінде 20 килотонн тротилі бар «Бозбала» атты үрейлі бомба бір сәтте мыңдаған адамның өмірін жойып жіберген еді. Ешқандай адамгершілікке жатпайтын бұл әрекет мұнымен шектелмеді. АҚШ Хиросимадан үш күннен кейін, 1945 жылы 9 тамызда екінші атом бомбасын жапонның Нагасаки қаласына тастап, салдарынан 40 мыңдай адамның өмірі қиылған. Сонымен қатар, Чернобыль атом электростанциясында орын алған апат бүкіл әлемге қаупін төндірген болатын. Ең өкініштісі, бұл сәулелік ауру осы күнге дейін адамдарға үлкен зардап шектіріп келеді.

70 жылдан астам уақыт бойы, жыл сайын 6 тамызда, сағат 8.15-те Хиросима қаласын тыныштық билейді. Қос қолын кеудеге қойған қала тұрғындары басын иіп, қасіретті күннің құрбандарын еске алады.

Сондай-ақ, КСРО мен АҚШ арасындағы қырғиқабақ соғыстың қызған кезінде, 1949–1989 жылдар арасында Семей ядролық полигонында күші Хиросимаға тасталған бомбалардың 2,5 мыңына татитын 616 ядролық заряд жарылды. Қару сынақтары мен жарылыстардың жиілігінен тұрғындардың денсаулығы мен жергілікті ауданның экологиялық ахуалы жапа шекті. Шығыс Қазақстан облысы мен оған қарасты аумақ тұрғындарының бірдей үш буыны радиацияға шалдығып, қалқанша без бен қатерлі ісік ауруларынан бастап, туа біткен кемтарлыққа дейін, ерте қартаю, жүрек-қан тамырлары аурулары

сияқты дерттерге ұрынды. Бұрынғы полигон жеріндегі радиацияның биік көрсеткіші әлі күнге дейін басылмаған.

1991 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Кеңес Одағы құрамындағы Қазақ ССР Президенті ретінде Семей полигонының жабылуы туралы Жарлыққа қол қойды. Сол кезде қауқары күшті болған КСРО құрамында бола тұрып, осындай қадамға бару тек нағыз Көшбасшыға лайық екендігі айқын. Бұл мәлімдеменің ядролық қарулануға қарсы үлкен маңызы болғаны ақиқат.

2010 жылы Елбасы жалпыға бірдей декларациясын қабылдау туралы Вашингтондағы ядролық қауіпсіздік бойынша Саммитте сөз сөйледі. Сонымен бірге, 2015 жылдың тамызында БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші сессиясында да «XXI ғасырда ядролық қарусыз әлемді тұрғызу адамзаттың басты мақсаты» деген батыл шешімін жеткізді.

Ядролық қаруды қолдану орны толмас жаһандық апаттарға алып келетінін білеміз. Сондықтан бейбітшілік пен ел қауіпсіздігі орнаған кезде ғана экономикалық даму мен әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізе алатынымыз сөзсіз.

Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер ядролық қаруға қарсы күрес бастады. Ядролық қаруды толығымен жою – Біріккен Ұлттар Ұйымының ежелгі мақсаттарының бірі болатын. Ол 1946 жылы Бас Ассамблеяның алғашқы қарарының тақырыбы болды. Сондай-ақ, 1959 жылдан бастап жалпы және толық қарусыздандыру Бас Ассамблеяның күн тәртібіне енгізілді. Ол 1975 жылдан бастап БҰҰ-да ядролық

қаруды таратпау туралы шартқа қатысушы мемлекеттер өткізген шолу конференцияларының негізгі тақырыбы болды. 1978 жылы қарусыздану жөніндегі Бас Ассамблеяның бірінші арнайы сессиясының басым міндеттерінің бірі ретінде айқындалды. Осы жылы Бас Ассамблея ядролық қарусыздану проблемасына ерекше назар аударды. Оған қоса Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшыларының толықтай қолдауына ие болды.

Дегенмен, бүгінде әлем елдерінің арсеналдарында шамамен 13 400 ядролық қару бар. Осындай қаруға ие елдер қаржыландыруда қиындық көрмейді және өздерінің ядролық арсеналдарын жаңғырту бойынша ұзақ мерзімді жоспарлар әзірлеп келеді. Әлем халқының жартысынан көбі ядролық қаруы бар немесе ядролық альянстардың мүшелері болып табылатын елдерде өмір сүріп жатыр. Яғни әлемде әлі ядролық қаруды сынақтан өткізіп жатқан елдердің қатары қалың деген сөз. Ал Қазақстан – ядролық қаруға қарсы күрестің әлем мойындаған көшбасшысы. Кешегі ядролық сынақтардан зардап шеккен жерде бүгін атом энергиясы бейбіт тіршілік және прогресс мақсатына пайдаланылып жатыр. Ұлттық ядролық орталық және ядролық технологиялар паркі базасында кемел келешекті инновациялық жобалар да іске асырылуда. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан – ірі ядролық державаларға кейінгі ұрпақтың бейбіт болашағы үшін жаппай қырып-жою қаруын жинақтаудан бас тартудың айшықты үлгісін көрсеткен мемлекет.

Дайындаған
Айжан БҰРКІТБАЕВА.

Күн тәртібінен түспейді



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бостандық ауданында биыл 3 мектеп күрделі жөндеуден өтіп, 5 мектеп салынып, жаңа балабақша бой көтереді. Ал жыл соңына дейін 1600-ден астам оқушы орны ашылмақ.

«Біздің ауданда 26 373 орынды 34 мемлекеттік мектеп жұмыс істейді, онда нақтылы 36 269 оқушы оқиды және 8587 оқушыны қамтитын 21 жеке мектеп бар. Дегенмен, оқушы орындары әлі тапшы, бас-аяғы 4475 орын керек», – дейді Бостандық ауданының әкімі Алтай Рахымбетов.

Иә, аудандағы оқушы орындарының тапшылығы бұрыннан бар мәселе. Бірақ күн тәртібінен түскен емес. Ол білім беру нысандарын кеңейту арқылы кезең-кезеңімен шешілетін болады.

«Қазіргі таңда 3 мектептің жаңа корпустарының құрылысы жүргізілуде. Оған 600 орынды №38, 300 орынды №191 және 425 орынды №199 гимназия кіреді. №60 гимназияға жапсарлас салынған 600 орынды нысанның құрылысы аяқталды. «Базис-А» инвестор-кәсіпорнының есебінен 300 орынды №65 жалпы білім беретін мектептің және №146 лицейдің жаңа корпустарының құрылысы басталды», – деді А.Рахымбетов.

Сондай-ақ, №81 мектеп-гимназиясында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. №40 және №45



мектеп ғимараттары күрделі жөндеуден өтуде. Сонымен қатар, «Орбита-3» шағынауданындағы №145 мектепті қалпына келтіру, сейсмикалық нығайту және күрделі жөндеу жоспарланған.

Орта білім беретін мектептерден бөлек, Бостандық ауданында мектеп жасына дейінгі 10 423 баланы қамтитын 30 мемлекеттік, 36 жекеменшік балабақша мен 36 шағын орталық жұмыс істейді.

Ал жыл соңына дейін ауданда №21 гимназия аумағында 120 орынды жаңа балабақша салынбақ. №71 балабақшада күрделі жөндеу жұмыстары аяқталған.

РЕСМИ БӨЛІМ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы
№3/351-701 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2020 жылғы 5 қазандағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Абай даңғылы құрылысы үшін Тельман Усеинович Касановтың және Фидана Тавабировна Касанованың Алматы қаласындағы Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 2134 учаске мекенжайы бойынша орналасқан, (кадастрлық нөмірі 20-322-008-574) жалпы ауданы – 3,9845 га жер учаскесінен, ауданы – 0,6664 га жер учаскесі бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесі бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесі бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесі бөлігін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы
№3-351-702 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабы 2-тармағы 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының және Алматы қаласы Жер комиссиясының 2021 жылғы 25 мамырдағы қорытындысының негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автомобиль көлігінің нысаны үшін Алматы қаласының Жетісу ауданындағы, Сейфуллин даңғылы бойы, Жансүгіров көшесінің қиылысында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүліктерді осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.

3. Меншік иелері (жер пайдаланушылар) жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін (жер пайдаланушыларын) ескертсін және жер учаскесінің меншік иелеріне (жер пайдаланушыларға) өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін Алматы қаласы Мемлекеттік активтер басқармасының теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы
№3/351-702 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1	Разия Магометжановна Яхьярова, Сагдия Абдурауфовна Яхьярова, Зульфия Абдурауфовна Яхьярова, Камалдин Абдурауфович Яхьяров, Джалалдин Абдурауфович Яхьяров	20-314-011-332	Жансүгіров көшесі, 112	0,0686
2	Гульбахрам Абдурахмановна Имирова	20-314-032-207	Жансүгіров көшесі, 52 А үй, 4 пәтер	жалпы-0,1018, үлесі-0,0101



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 4 айға 2402,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 4 айға – 6482,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 4 айға – 1732,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

Алматы қаласы ДСБ ШЖҚ «№2 қалалық перзентхана» МКК-ның басшының бос лауазымына конкурс өткізу туралы хабарландыру

Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 қалалық перзентхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының байқау кеңесі Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 қалалық перзентхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы – бас дәрігері бос лауазымына орналасуға конкурс өткізеді, 050002, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Жангелдин көшесі, 28/20-22 мекенжайы бойынша орналасқан, ақпарат үшін телефон: 8 (727) 397-57-95, e-mail: priem_rd2doc@mail.ru.

Өткізу күні: 07.08.2021 жыл.

Өткізу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы Жангелдин көшесі, 28/20-22 үй.

Кәсіпорын атауы: Алматы қаласы ДСБ ШЖҚ «№2 қалалық перзентхана» МКК.

Пошта мекенжайы: индекс 050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы Жангелдин көшесі, 28/20-22 үй.

Телефон: 8 (727) 397-57-95.

Электронды пошта: priem_rd2doc@mail.ru.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: бекітілген ауданның тұрғындарына мамандандырылған медициналық көмек көрсету.

Кәсіпорын басшысының негізгі лауазымдық міндеттері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына 3-қосымшаның 2-тарауы 1-параграфының 3 тармағында көрсетілген.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ – 305/2020 бұйрығына 3-қосымшаның 2-тарауы 1-параграфының 4-бөлімінде көрсетілген.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдаудың басталу және аяқталу күні: 07.08.2021ж.-дан 21.08.2021ж.-ға дейін.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №ҚР ДСМ -58/2020 бұйрығының 2-тарауының 7-тармағында айтылған құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін электрондық түрде ұсынуы тиіс.

Алматы қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 30 шілдедегі
№3/394 қаулысы

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2021 жылдың 4 тамызында тіркелген, №23866

Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар азық- түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 8-бабына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы №282 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларының 8-тармағына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11245 болып тіркелген), Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақ қанды қырыққабат» әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағасы 30 күнтізбелік күн мерзімге бір килограмм үшін 83 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. «Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді, кейіннен мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауды және интернет-ресурста орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.С.Қиымовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Б.САҒЫНТАЕВ

Алматы қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымы бойынша 22.06.2021ж. «NET-company ONE» ЖШС (BCH 060 840 008 163, Алматы қ., Лесков көшесі, 3) оңалту процедурасы қолданылды.

«Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы ҚР еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Журналистика академиясының академигі, Қазақстан халқы Ассамблеясының бірнеше мәрте мүшесі, «Уйғур авазы» газетінің бұрынғы бас редакторы

Юлдаш Абдуқадырұлы АЗАМатовтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесіңізге мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Алматы қаласы Наурызбай аудандық әкімшілігі мен аудандық Ардагерлер ұйымы, Қазақстан Журналистер одағының «Құрметті журналисі», ақын

Шекербек Садықанұлы САДЫҚАНОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қаласы Наурызбай аудандық әкімшілігі мен аудандық Ардагерлер ұйымы, ҚР Денсаулық сақтау саласының еңбек сіңірген қызметкері, Алматы қаласы бойынша «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы, 90 жасқа келген

Аймұрза АХМЕТОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сәт күндері шығады.
**Апталық
таралымы – 15 663**

Кезекші редактор –
Динара МҰРАТ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



ВАКЦИНАДАН КЕЙІН ВИРУС ЖҰҚТЫРУ МҮМКІН БЕ?

Ешбір вакцина абсолютті кепілдік бере алмайды, алайда қауіпті едәуір төмендетеді

Симптомсыз пациенттер инфекция тасымалдаушылар болып табылады, сондықтан тіпті вакцинациядан кейін де әлеуметтік қашықтықты сақтауды және бетперде тағып жүруді жалғастыру қажет

Егер вакцинациядан кейін вирус жұқтырған жағдайда ауру айтарлықтай жеңіл түрде, нақтырақ айтқанда, симптомсыз өтеді

Егер адам вакцинаның бірінші дозасын салғаннан кейін COVID-19 жұқтырып алса, мұндай жағдайда екінші компонентті толық сауығып шыққаннан кейін 6 айдан соң алуына болады



ВАКЦИНАДАН КЕЙІН ИММУНИТЕТ ҚАШАН ҚАЛЫПТАСАДЫ?



АЛҒАШҚЫ ИММУНДЫҚ ЖАУАП
БІРІНШІ ДОЗА ЕГІЛГЕННЕН КЕЙІН
12-14 КҮННЕН СОҢ ҚАЛЫПТАСА БАСТАЙДЫ

ТҰРАҚТЫ ИММУНИТЕТ
ЕКІ ДОЗАМЕН ДЕ ВАКЦИНАЦИЯЛАНҒАН
ЖАҒДАЙДА 1-1,5 АЙДАН
КЕЙІН ҚАЛЫПТАСАДЫ

АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛЕТІН БҮКІЛ
КЕЗЕҢ ІШІНДЕ БАРЛЫҚ САҚТЫҚ
ШАРАЛАРЫ САҚТАЛУЫ ҚАЖЕТ
– БЕТПЕРДЕ ТАҒЫП, ӘЛЕУМЕТТІК
ҚАШЫҚТЫҚТЫ САҚТАҢЫЗ



ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

Әдемі болам десеңіз...



Ақтолық
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Қою қара қас, қайырылған қалың кірпік, жібектей жұмсақ шаш... «Бұларға қымбат косметикамен ғана қол жеткізуге болады» деп ойлайтын аруларымыз аз емес. Десе де, ешқандай опа-далапсыз-ақ әдемі көрінуге болады. Қалай екенін өзіңіз оқып көріңіз...



Бет терісінің саулығы үшін түймедақ гүлінен шай әзірленіз. Ол үшін 1 ас қасық түймедақ гүлін термосқа салып, 1 стакан қайнаған ыстық су құйып, қақпағын жабыңыз. 30 минуттан кейін алып, сүзіп, 1 шай қасық бал қосыңыз. Дайын шайды күнделікті таңертең аш қарынға 1-2 ұрттап, ем-шараны 2 апта үзбей жалғастырыңыз. Түймедақ шайы жүзіңізге ерекше әр береді.



Шашты құнарландыратын қына маскасы дәрумендерге толы болады. Оны үй жағдайында дайындау өте қарапайым. 1 пакет қынаға 100 мл. қайнаған су құямыз. Қына қайнаған суда 20 минут тұру қажет. Одан соң қынаға Е және А дәрумендерінің ерітіндісін қосыңыз. Дайын маска тағы 1 сағат шамасында тұру керек. Оны тоңазытқышта сақтап, аптасына екі рет қолдануға болады.



Кірпіктеріңізді ұзартып, қалыңдата түскіңіз келсе, үйде дайындалатын майға мән беріңіз. Таза құтыға майсана, бадам, күнжіт, ошаған майларын бірдей мөлшерде құйып, оған Е дәруменін қосыңыз. Дайын масканы күнделікті жатар алдында құрғақ, таза кірпікке жағу керек. Бірер аптада-ақ оң нәтижесін байқайсыз.



Жүзіңіздегі алғашқы әжім іздерін түбегейлі жойғыңыз келсе, алоэ шырыны көмекке келеді. 2-3 дана алоэ жапырағын кесіп алып, оны жуып-шайып алған соң, қайнаған, бірақ суытылған 1 литр суға салып, отқа қойып, тағы да 5 минут қайнатасыз. 5 минут қайнағаннан кейін, дәкемен сүзіп алыңыз. Дайын болған сусынды (лосьон) аздап суытып, бетіңізге жаға беруіңізге болады. Қалғанын тоңазытқышта сақтап, таусылғанша пайдалана беріңіз.

Қалғанын тоңазытқышта сақтап, таусылғанша пайдалана беріңіз.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Павлодарлық Ришат Шайхитдинов Алматыға көліксіз жол тартты. Серігі – роликті тақтай ғана. Осы күнге дейін ол скейтпен 1250 шақырым жолды еңсерген. Саяхатшы сапар барысын әлеуметтік желіде күнделікті жүктеп отырады.

Саяхатшы Алматыға екі апта бұрын аттанды. Алдымен лонгбордпен жүру техникасын меңгеріп, кейін жолға шыққан. Ол күніне 100 шақырымдық қашықтықты еңсеріп келеді. Ең бастысы, оған ауа райы қолайлы, жол жақсы болса болғаны. «Саяхат барысында мейрімді жандарды кездестірдім. Барлығы қолпаштап, қолдау көрсетеді. Көлік тізгіндегендері көмектерін ұсынып жатады. Алғысым шексіз. Олар осы әрекеттерімен мені ынталандырады», – деді саяхатшы.

Бұл Ришаттың алғашқы сапары емес. Бұған дейін ол турист ретінде Қазақстан және Ресейдің көрікті жерлерінде болған. Сонымен қатар, Армения, Грузия, Түркия, Моңғолия мен Оңтүстік Кореяның мәдениетімен танысқан.

Оның негізгі мамандығы – геоэколог. Алдағы уақытта еліміздің өзге қалаларын аралау жоспарында бар.



Тақтаймен саяхатқа шықты



Тегін оқыңыз

ҚР БҒМ бастамасымен жасалған үкіметаралық келісімдер шеңберінде қазақстандықтар тегін оқи алатын елдер саны артты. Қазақстандықтарға гранттарды Словакия, Әзербайжан және Вьетнам елдері бөледі.

Егер 2019 жылы білім беру саласындағы келісімдер аясында мемлекеттер тізімінде 7 ел болса, 2021 жылы олардың саны 10-ға дейін артты. Мемлекеттердің қатарында Венгрия, Польша, ҚХР, Украина, Беларусь, Қырғызстан және Тәжікстан бар. Өткен 2 жылда мыңға жуық қазақстандық осы елдердің жетекші жоғары оқу орындарында тегін білім алды. Биыл қазақстандықтарға 500-ге жуық грант бөлінді.

Онлайн-тест іске қосылды

Тәуелсіздіктің 30 жылдығын мерекелеу шеңберінде іс-шаралар навигаторы сайтында Қазақстанның жана тарихын білуге арналған онлайн-тест іске қосылды.

Квизда КСРО ыдырағаннан кейінгі еліміздің даму кезеңдері, 1991 жылдан қазіргі сатыға дейінгі уақыт шежіресі туралы сұрақтар жинақталған.

Шілде айынан бастап 30jyl.kz сайтында кез келген интернет қолданушылар тәуелсіз Қазақстан



тарихын қаншалықты жақсы білетінін байқап көре алады.

Тестіден өту қорытындысы бойынша әр қатысушы өзінің дербес онлайн-сертификатын алады. Барлық қатысушылардың нәтижелері дұрыс жауаптар саны мен жұмсалған уақыт негізінде қалыптасатын жалпы рейтингке енгізіледі. Жыл соңында ең нәтижелі қатысушылар естелік сыйлықтарға ие болады.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.